



ТҮЙТКІЛ

КЕНЕЗЕҢ КЕПСЕ, ҚАР СУЫН ІШ



НЕМЕСЕ СУСЫЗ АУЫЛДЫҢ СЫҚПЫТЫ

Көкшетау қаласынан таяқтастам жердегі Березняков ауылының тұрғындары ауыз судың зардабын тартқалы ширек ғасыр. Шөлдеде шыдап келеді. Басқа лаж жоқ. Қыста әйтеуір солтүстіктің қары қалың. Күрекпен кесіп ал да, ерітіп іше бер. Ал жазда өңездеу болса да өзен суы құтқарады. Айтпақшы, өзен суында жүрек айнитын күлімсі, жылымшы дәм бар.

Арыдағы Зеренді ауылының, Айдаболдың айналасындағы елді мекендердің мал қорасы өзеннің аңғарына мінбелей салынған. Көктем келісімен қызыл су жүргенде, мал қоранын қиы өзенге күйылады. Содан жаз бойы жылап аққан өзен бір тазара алмайды. Березняков ауылының маңдайының соры бес елі. Халқы осы лай суды ішіп келеді. Етек-жеңі кең пішілген елді мекенде 250-ден астам шаңырақ түгін түтетіп отыр.

Су деп шуылдағалы қашан?! Жергілікті атқамінерлер де бұл мәселеден хабардар. Тек мойын бұратын емес. Мойын бұрылмаған соң, көз де көрмейді. Көрсө, соқыр көздің өзі Шағалалының өзеніндей болып ағыл-тегіл жылдар ма еді, кім білсін.

Сәл қыраттау жерде орналасқандықтан, су шығару қиын. Мамандардың айтуына қарағанда, бұл өңірде жерасты суы тапшы. Ақмола облысының орталығы Көкшетаудың іргесіндегі Айдарлы ауылының

тұрғындары да олай қазып, бұлай қазып, кара су шығара алмаған соң Қошқарбай ауылының іргесіне құдық қазыпты. Бір ауылда тұрып, екінші ауылдың іргесінен құдық қазғанды кім көрген? Екі ауыл екі ауылдық округке қарайды. Осыдан дау туған. «Жерімді неге тессесің?» деп қошқарбайлықтар кіжіңсе, «сусап отырмыз» деп айдарлылықтар өрікпіген. Ақыры бітісіп тынды. Көрші хақысы онай емес қой.

Ал Березняков ауылында жан ғана емес, мал да қиналуда. Бұл ауыл қырық күн шөлге шыдайтын түйе бақпайды. Екі күн су ішпесе, қарны қабысып қалатын кара мал, шөлге шыдамсыз қой-ешкі бағады. Онда да күші жеткені ғана. Әйтпесе, аптасына екі-ақ рет келетін су тасушыны саналы халық тосқанымен, санаулы мал тосып тұруды біле бермейді.

(Жалғасы 3-бетте)

2

АМЕРИКА
ТАҒЫЛЫМЫ

АЛЫПСАТАРДЫҢ
АЙЛАСЫ

ТАС ТҮРМЕДЕГІ
ӨКІНІШ

МЕКТЕБІҢ
МЫНАУ –
КИІЗ ҮЙ!

on the web
JASQAZAQ.KZ

6



БИРЖАМЕТР



МҰНАЙ (brent)
69,36



DOLLAR
327,10



EURO
400,53



АЛТЫН (ун.)
1330,40



ҚАРЖЫ

«СТАТИДІҢ АЛАЯҚТЫҒЫ ТУРАЛЫ ІС»



Осы аптада әділет министрлігі аты-шулы Анато́л Статидің ісіне және Ұлттық қордың шетелде бұғатталған активтеріне қатысты өз жауабын берді. Мәжілістегі сөзі сот-экспертиза қызметіне арналғанымен, әділет министрі Марат Бекетаев бұл тақырыпты айналып өткен жоқ.

(Жалғасы 4-бетте)

PROZA

Таң алдында жер сілкінді. Көрпеш әдетінше тез ояңған. Алақ-жұлақ етіп, сықыр еткен терезе мен ақырын тербеліп тұрған шамға кезек қарап үлгерді. Жастықтан басын көтеруге де мұршасы келмей қалып еді.

ЕСКІ ТРАМВАЙ



(Жалғасы 7-бетте)

СУЫТ ХАБАР



КҮРЕ ЖОЛДАҒЫ АПАТ

Кеше Ақтөбе облысының Ырғыз ауданында жолаушылар автобусы өртеніп, 52 адам қаза тапты. Төтенше жағдай Самара – Ташкент бағытындағы тасжолда болды. 57 адамның бесуі отқа оранған автобустан шығып үлгерген. Қаза болғандардың барлығы Өзбекстан азаматы екені анықталды. Ішкі істер министрлігі мемлекеттік тіл және ақпарат департаментінің директоры Алмас Сәдуабаев хабарлағандай, жапа шеккендер мен қаза болған адамдардың отбасына көмек көрсету үшін үкіметте ведомствоаралық комиссия құрылды.

РЕСМИ САПАР

16 қаңтар. Вашингтон. Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаев Ақ үйге келіп жетті. Арнайы шақырған қонағын Дональд Трамп көліктің жанында күтіп алып, өз ілтипатын білдірді. Міне, дәл осы сәттен Қазақстан–АҚШ ынтымақтастығының жаңа кезеңі басталды.

Көптен күткен кездесуді күллі әлем жігі бақылағаны анық. Осы жолы Дональд Трамп қайтер екен? Қол алысқанда әдеттегідей өзіне жұлга тартып, күш сынасар ма? Өзара сұхбат қандай сарында өтеді?

Бір жақсысы, ғаламтордың арқасында мұндай тарихи оқиғаны бастан-аяқ көре аласын. АҚШ Президентінің Елбасымызды өте сыпайы қабылдағаны көрініп тұрды. Сөзін бөлмей, кей тұсында басын изеп, келісетін сынай білдірді. Осыған дейін өзге мемлекет басшыларына көрсеткен дәрекіліктің нышаны да байқалмады. Мұны Дональд Трамптың өзіне дейінгі АҚШ Президенттерінің Елбасымызға көрсеткен құрметінің заңды жалғасы деп білеміз.

Дональд Трамп ресми сапармен келгені үшін Нұрсұлтан Назарбаевқа ризашылығын білдірді. Елбасы ресми сапармен келуге шақырғаны үшін



сенімдімін. Осыған орай біз бүгін Астана мен Вашингтон арасындағы өзара қарым-қатынастардың жаңа дәуірін бастайтын тиісті бірлескен саяси мәлімдеме қабылдадық» деді. АҚШ-тың Орталық Азия елдерімен «5+1» форматындағы ынтымақтастығын нығайтуға

режимнің бүкіл әлемге ядролық апат қаупімен сес көрсетуін тойтаруға бел буып отырғанын жеткізді. Ауғанстан мәселесін шешуге атсалысқаны үшін Президентімізге алғысын білдірді. Көршілерін құрметтейтін және өз тағдырын бақылауда ұстайтын Қазақстан сияқты

Қазақстан-АҚШ: СТРАТЕГИЯЛЫҚ СЕРІКТЕСТІКТІҢ ЖАҢА ДЕҢГЕЙІ



Д.Трампка алғыс айтып, оны АҚШ Президенті лауазымына сайлануының бір жылдығымен құттықтады.

Бұл кездесу Қазақстан мен Америка Құрама Штаттарының кеңейтілген стратегиялық серіктестігін талқылауға арналды. Қос президент еліміздің аймақтық тұтастығы мен егемендігін, сондай-ақ оның әлемдегі бейбітшілікті сақтауға қосқан үлесін айрықша атап өтті.

Н.Назарбаев «Менің сапарымның нәтижесінде Қазақстан-Америка қатынастарын кеңейтілген стратегиялық әріптестік деңгейіне көтеру жөнінде шешім шығаратынымызға

мүдделі екенін айтып, «Қазақстан 2001 жылы АҚШ-тың терроризмге қарсы күресін белсенді түрде жақтады, қазір де Ауғанстанда жүргізіліп жатқан ауқымды жұмыстарға қолдау көрсетіп отыр. Америка әскерінің Ауғанстанда болуы тек АҚШ-тың ғана емес, бүкіл әлемнің ісі» деді. Кездесу барысында Солтүстік Корея төңірегіндегі ахуал, АҚШ пен Ресей қарым-қатынасының күрделене түсуі талқыланды.

Сондай-ақ екі елдің экономикалық серіктестігі мен оны әрмен қарай нығайту мәселелері де сөз болды. Нұрсұлтан Назарбаев «АҚШ-тың ірі мұнай компанияларынан Қазақстанға 50 миллиард доллар инвестиция құйылды. Бүгін біз америкалық ірі бизнес өкілдерімен бірге дөңгелек үстелге қатысамыз. Онда 7,5 миллиард доллардан асатын қаржыға 20-дан астам келісімшарт жасалмақ. Біздің елде АҚШ азаматтары үшін визасыз режим енгізілген. Соған сәйкес лайықты жауап болады деп үміттенеміз» — деді.

Д.Трамп өз сөзінде екіжақты диалогтың маңыздылығына тоқталды. Ол ширек ғасырдан астам уақыт бойы АҚШ Қазақстанды мықты, егемен ел, Орталық Азиядағы маңызды дос және стратегиялық серіктес ретінде қарастырып келетінін айтты.

Д.Трамп Қазақстан мен АҚШ-тың ядролық қаруды таратпау және өңірлік қауіпсіздікті нығайту ісіндегі бірлескен күш-жігерін атап өтті.

Корей түбегін денуклеаризациялау үшін күш біріктіру ісінде Қазақстанның сенімді серіктес болып саналатынын, Солтүстік Кореядағы

елдермен АҚШ ынтымақтастықты нығайта беретінін тілге тиек етті. Д.Трамп «Қазақстанның 2050 жылға қарай жаһандық экономиканың алғашқы отыздығына кіруді жоспарлап отырғанын Президенттің мәлімдегеніне ризамын. Ол Қазақстандағы іскерлік ахуалды жақсарту үшін жұмыс істеуде. Бұл арқылы Америка компаниялары үшін жаңа мүмкіндіктер туып, жаңа жұмыс орындары ашылады» — деді.

Сондай-ақ Д.Трамп Қазақстанды дамыту және өркендету ісіндегі Н.Назарбаевтың рөлін тағы да атап өтті. АҚШ Президенті «Мен сіздің мықты басшылығыңыздың арқасында Қазақстан халқы қол жеткізген зор жетістіктерді көру мүмкіндігін асыға күтемін. Біз Қазақстанның болашағы жарқын болғанын және оның егеменді елді өркендетуге бағытталғанын қалаймыз. Осыны әлемнің барлық бейбіт сүйгіш халықтарына да тілейміз» - деді.

Бұдан кейін Президент Нұрсұлтан Назарбаев «Шетелдік жеке инвестициялар жөніндегі корпорация» (OPIC) мемлекеттік агенттігінің президенті Рэй Уошбернмен, АҚШ-тың энергетика министрі Рик Перримен, АҚШ-тағы іскер топтардың өкілдерімен, АҚШ вице-президенті Майкл Пенспен, Nasdaq компаниясының президенті Адина Фридманмен, Goldman Sachs компаниясының президенті Харви Шварцпен, ExxonMobil компаниясының бас атқарушы директоры Даррен Вудспен кездесті.

Елбасының АҚШ-тағы ресми сапары мұнымен аяқталмайды. Президент 18 қантарда Нью-Йоркте өтетін БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің жиынында сөз сөйледі.

Гүлнар АХМЕТОВА

Әлеумет.т⁰



«Мұнайдың бағасы 70 долларға жақындап қалды» деп қуанды қара май саудасының төңірегінде жүргендер. Қазынасы «қара алтынға» қарайлайтындардың қуанышы өз алдына. Бағаның қымбаттауына АҚШ-тағы көмірсутегі қорының көптігі ықпал етіпті. Американ компанияларының тактатас (сланец) мұнайы өндірісін арттыру арқылы әлемдік биржаларға әсер ете алатынын бұрын жазғанбыз. Әлемде экономикасы ең қуатты елден келген мол инвестиция еліміздің аса ірі кеніштерін

ұшырайды. Кіндік Азия өңірін тек өзінің ықпал аймағы деп есептейтін ірі державалардың мұндайда саяси мүддені көбірек қүйттейтіні белгілі. Сондықтан экономикада, сауда-саттық пен инвестиция тартуда бәрімен тең дәрежеде байланыс орнату тұрақты дамудың кепілі болмақ. Американ компаниялары сұйытылған газды Еуропаға жөнелте бастады. Бұл «көгілдір отын» саудасының тізгінін ұстаған кейбір елдер ымырасыз бәсекеге тап болады деген сөз. Ендігі жерде табиғи газ да мұнай сияқты тұрақты әрі сенімді шикізат

АМЕРИКА ТАҒЫЛЫМЫ

игеру, шикізатты сыртқа тасымалдау әлеуетін күшейтті. Мұнайдан түскен табыс экономиканың өзге салаларын дамытуға, әсіресе, уақыт өте келе айналып соғып отыратын қаржы және шикізат құны дағдарысын қатты қиналмай-ақ енсертуге септігін тигізді. АҚШ-пен өзара тиімді экономикалық қарым-қатынасты жандандыру — әлемнің кез келген түкпіріндегі ел үшін көкейкесті міндет. Міне, осы тұрғыдан алғанда, Елбасының Вашингтонға ресми сапармен барып, Ақ үйдің қожайынымен кездесуін, бірқатар ауқымды жобалар бойынша келісімдерге қол қойылуын зор жетістік деп бағалаған жөн. Бұл ең алдымен бұған дейін де өзінің тиімділігі мен өмірлендігін дәлелдеген көпекторлық саясатымыздың кезекті жеңісі. Өйткені алпауыт мемлекеттер арасында алауыздық күшейіп, санкция соғысының кесірі көршілерге де тиіп жатқан тұста көпқырлы экономикалық саясат сан қилы келергіте

көзі бола алмауы мүмкін. Сондықтан экономиканы диверсификациялау, әсіресе, ғылым мен жана технологияға арқа сүйеу көкейкесті міндет болғалы тұр. Силикон ойпаты мен Илон Масктың жобалары арқылы бұл салада түбегейлі өзгеріс жасаған Америка тағылымы осыған үндейді. Біздің де бұл бағытқа шыңдап бет бұруымыз мақсатымыздың айқын екенін көрсетсе керек.



Срайыл СМАЙЫЛ, Нью-Йорк

Сырт көз



ҚАЗАҚСТАН – ҚАУІПСІЗ ЕЛДЕР ТІЗІМІНДЕ

АҚШ-тың мемлекеттік департаменті саяхатшылардың шөт мемлекеттерге бару кезінде ондағы қауіптің қандай деңгейде екенін анықтайтын интерактивті карта құрастырған.

Бірінші топ (бірішама сенімді, қауіпсіздіктің қарапайым ережесін сақтауға болатын елдер) — Шығыс Еуропа, Скандинавия елдері, Беларусь, Қазақстан, Өзбекстан.

Екінші топ (қауіпсіздік барынша сақталуға тиіс, теракт деңгейі жоғары елдер) — Батыс Еуропа елдері мен Украина.

Үшінші топ (мүмкіндігінше бармау керек деп белгіленген елдер) — Ресей, Түркия, Пәкістан, Нигер, Чад, Нигерия.

Төртінші топ (мүлде барудың қажеті жоқ деп белгіленген елдер) — Ауғанстан, Иран, Сирия, Ливия, Йемен, Солтүстік Корея.

Сөз-Жебе

Ақылбек КҮРІШБАЕВ, С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің ректоры:

«Канаданың ауа райы біздегі Солтүстік Қазақстан аймағымен бірдей. Бірақ Канадада ауыл шаруашылығы саласындағы еңбек өнімділігі біздікінен 14 есеге көп. Голландия – кішкентай ғана мемлекет. Аумағы елімізден 66 есеге кіші. Бірақ сол Голландия



жылына 100 млрд долларға ауыл шаруашылығы өнімдерін экспорттайды. Ал Қазақстан ең көп дегенде 2,1 млрд теңгеге өнім

шығарады. Голландия көрсеткішінен 50 есе аз. Сондықтан, зор әлеуетімізді пайдаланып, табиғи-климаттық жағдайы ұқсас елдердің үздік тәжірибелерін әкеліп, өзімізге бейімдеу аса маңызды»

АПТАНЫҢ АЙТАРЫ

7

млрд доллар. Қазақстан мен АҚШ арасында осыша қаржыға келісім жасалды

70

млрд теңге. Елімізде мектеп мұғалімдерінің жалақысын көтеру үшін бөлінетін ақша

445

мың теңге. Шымкентте банкир салымшылардың ақшасын үлтеп кетті

Роза БАДАЕВА, Алматы қалалық мәслихатының депутаты:



«Алматыдағы қоғамдық көліктің кондукторлары қарапайым адамдар. Олар уақытша табыс табуды ғана көздейді. Осы орайда,

бізге жолаушылар тарапынан көптеген шағым түседі. Мұны шешудің екі жолы бар. Біріншіден, ол жолаушыға қызмет көрсету курсынан өту қажет. Ал екіншіден, жалақы алып, салық төлеуі үшін ресми түрде жұмысқа орналасуы тиіс. Қажет десеңіз, шетелдік қоғамдық көлік кондукторларымен тәжірибе алмасуы керек»



Тамара ДҮЙСЕНОВА, еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі:



«Кондуктордың еңбек келісімшарты бойынша мәселені үкімет отырысында қарастырдық. Сауалнама жүргізген кезде олар расымен кондуктор болып істейтінін, ал еңбекақысын қолма-қол алатынын айтты. Ешқандай әлеуметтік төлемге салым салынбайды. Бұл мәселені мен жеке бақылауыма аламын. Алайда кез келген ұйымды тексеру үшін азаматтардың өзі шағымдануы қажет. Келісімшартқа қол қоймаған жұмыс берушілер оларды бірінші кезекте әлеуметтік кепілден айырып отыр»

7 сөз

Атырауда 700 оқушы 300 орындық мектепте оқиды

«Елбасының Жолдауында айтылған сынды бәріміз үшін соңғы ескерту деп білуіміз керек». Премьер-Министр Бақытжан Сағынтаев Қазақстан Президентінің өзін-өзі жұмыспен қамтығандар мәселесін қарастыру жөнінде Жолдауда айтылған сынына қатысты осылай деді.

министр Тамара Қасымқызы (Т.Дүйсенова — ред) айтқан ұсыныстың барлығын жеке қарастыруға тиіспіз. Керек болса, ай сайын менің жұмысымның деңгейінде бұл шаруаны жүргізетін болайық. Министрлікпен бірге, жеке блокта өңірлердің де есебін тыңдаймыз», — деп атап өтті.

168 кәсіпорынның қосылғанын желеу етті. Үкімет басшысы «Сонда біз инвентаризацияны не үшін өткіздік? Бір қолымызбен қысқартып отырмаз, ал екінші қолымызбен одан да көп нысанды құрып алдық па? Неге ондай әрекеттерге жол береміз? Бір кәсіпорынды жоямыз, соның орнына басқасын жасаймыз. Олай жұмысымыз бітпейді ғой», — деп қарсы сурақ қойды. Т.Сүлейменов оған тұшымды жауап бере алмады.

Ол «Нақты анықтаманы кейінірек берсек бола ма?» деп сұрады. Сол үшін үкімет басшысынан тағы да сөз естіді. «Тимур Мұратұлы, бүгін сіз баяндама жасау үшін келдіңіз. Анықтаманы кейіннен қол астындағы қызметкерлерден сұрамайтындай, бәрін баста ұстау керек. Міне, осының салдарынан сіздерде жаңа кәсіпорын саңырауқұлақтай қаулап кетеді. Себебі ешқандай бақылау жоқ. Ойына келгенің істейді!», — деді Б.Сағынтаев.

Одан ары Премьер-Министр жекешелендіруден түскен қыруар қаржыны Ұлттық қорға уақытында аударуды тапсырды. Отырыс барысында қаржы министрі Бақыт

СЫН АЙТЫЛЫП, ЕСКЕРТУ ЖАСАЛДЫ

Айта кетейік, 10 қантарда мемлекет басшысының «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» Жолдауы жарияланған болатын. Құжатта белгіленген 7-міндетте (*Адам капитал — жаңғыру негізі*) енбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің жұмысы кемшін түсіп жатқаны айтылды. Жолдауда «Мен өзін-өзі жұмыспен қамтығандар мәселесін қарастыру жөнінде бірнеше рет талап қойғанмын. Енбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі бұл іске жауапсыздық танытып, атүсті қарап отырды. Отандастарымызды нәтижелі жұмысқа тарту үшін көбірек мүмкіндік беріп, олардың жеке кәсіп бастауына немесе жаңа мамандық алып, жұмысқа орналасуына жағдай жасау керек», — делінген. Үкімет отырысында Премьер-Министр Бақытжан Сағынтаев осы мәселеге баса назар аударудың қажеттігін қадап айтты. Ол «Енбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі ғана жұмысты соңына дейін атқармай жатыр демей, өңірлер де бұл жұмысқа атсалысуы керек. Бұл барлығымыз — үкімет те, өңірлер де, әкімдіктер де атқаратын кешенді жұмыс. Сондықтан,

Сонымен бірге үкімет басшысы бұл жұмысты 2018 жылдың соңына дейін жеткізу қажеттігіне тоқталды. Б.Сағынтаев «Мемлекет басшысы маған: «Егер цифрландыру саласында жұмыстың бір бөлігін мерзімінен бұрын аяқтасаңыздар, міндетті әлеуметтік-медициналық сақтандыру (МӘМС) жүйесін енгізуді 2020 жылға дейін күтпей-ақ, уақытынан бұрын бастай беруге болады» деп еді. Демек, біздің бұл бағыттағы жұмысымыздың аяқталуын МӘМС күтіп отыр. Негізгі жұмыс бойынша көмектесуге тиіспіз. Барлық күшті салып, биыл өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың өзекті мәселесін шешуге күш салуымыз қажет», — деді.

Үкімет басшысы отырыс кезінде жекешелендірудің өзекті мәселесіне баса назар аударды. Инвентаризация бойынша сатуға шығарылатын кәсіпорындардың нақты тізімі жасалса да, уақыт өте келе, жаңа нысан саңырауқұлақтай көбейіп кетеді. Сол үшін ұлттық экономика министрі Тимур Сүлейменовке ескерту жасалды. Б.Сағынтаев «Тимур Мұратұлы, біз инвентаризацияны өткіздік. Дұрыс па? Екі жылдың қорытындысы бойынша нақты кәсіпорындарды анықтадық. Содан кейін жаңа нысан құрылды ма?», — деп сұрады. Ұлттық экономика министрі Т.Сүлейменов жалпы тізімге

Сұлтанов та жекешелендіру бойынша есеп берді. Баяндама соңында үкімет басшысы оны да нақты сауалдармен састырды. «2017 жылы 108 млрд теңгеге 190 нысан сатылған. Елбасы бірнеше мәрте айтты, жекешелендіруден түскен қаржының барлығы Ұлттық қорға аударылуы қажет. 108 млрд теңге Ұлттық қорға кетті ме? Жоқ, әлде сатылған жерде қалып қойды ма?» — деп сұрады. Қаржы министрі Б.Сұлтанов сәл бөгеліп барып: «Бақытжан Әбдірулы, ...республикалық меншіктегі сатылған нысандар бойынша барлық түскен ақша Ұлттық қорға жіберілген болатын. Ол — 7 млрд...5 млрд мына... Соңғы айда өткен... Осы қантар айында тағы 5 млрд теңге Ұлттық қорға жіберілетін болады. Бірақ тиісті қаулы бар. Енді, ұлттық холдингтермен қиындық әлі бар. Тиісті үкімет қаулысын қазір ұлттық экономика министрлігі дайындап жатыр. Оны қабылдағаннан кейін қажетті шешім қосымша қабылданады», — деп жауап берді. Премьер-Министр жекешелендіруден түскен қаржыны Ұлттық қорға аудару туралы мемлекет басшысының тапсырмасын орындау қажеттігін тағы бір мәрте қадап айтты.

(Өз тілшіміз)

Денсаулық

Жаман хабардың жерде жатпайтын

әдеті емес пе?... «Семейдің Үржар ауданында сары ауру деген дәрт өршіп тұр» деген суыт хабар ел ішін недеуір дүрліктіріп тастаған еді. Артынша осы ауданның Шолпан деген ауылында 11 жастағы жеткіншектің аты жаман аурудан қайтыс болғаны туралы ақпар тарады. Бұл жағдайға байланысты прокуратура тарапынан қылмыстық іс те қозғалып үлгерген.

Ауылдағы алақөңіл ағайын осы сәтте біраз әбігерге түссе керек. Тұрғындар жұқпалы дерттің былтыр күз айында басталғанын, жергілікті дәрігерлер қанша алысканмен бетін қайтара алмағанын айтады. Сондай-ақ олардың айтуынша, дертке дауа дәріні алуға әр жолы 5000 теңге қаражат жұмсайтын көрінеді. Шығыс Қазақстан облыстық денсаулық сақтау басқармасынан арнайы маман келсе деген ел тілегі бар. Ал басқарманың берген жауабы мынадай болды.

ШКО-ның денсаулық сақтау басқармасы Шолпан ауылында 50-ге тарта баланың «А» гепатитіне шалдығып, бірнешеуі көз жұмды деген ақпаратты жоққа шығарып отыр. Аталған басқарма басшысының орынбасары Райфа Сафиоллинованың айтуынша, Шолпан ауылында «А» гепатитіне қарсы алдын алу және эпидемиологиялық шара өткен жылдың қыркүйек айында қолға алынған. Мұны облыстық қоғамдық денсаулық сақтау департаменті басшысының орынбасары Гүлайым Тағаева да БАҚ өкілдерімен өткен баспасөз мәслихатында растады. Былтыр осы ауылға қонақ боп келген семейлік азаматтан «А» гепатиті алғаш табылған сәтте-ақ ат ізін суытпай алдын алу

шарасы жүргізілген көрінеді.

Р.Сафиоллинова «Өткен жылдың қыркүйек айынан бүгінге дейін Үржар аудандық орталық аурухананың мамандары 46 баланы тексеріп, 25-ін жан-жақты диагностикадан өткізу үшін ауруханаға жатқызған. Нәтижесінде, 12 баланың «А» гепатиті дертіне шалдыққандығы анықталды. Олардың 11-і оқушы болса, біреуі үш жастағы сәби. Бұл — бүгінгі күнгі



тіркелген жоқ, — деп сөзін дәйектей түсті.

Өз кезегінде Гүлайым Тағаева Шолпан ауылындағы эпидемиологиялық

ҮРЖАРДАҒЫ ҮРЕЙ

ресми статистика. Дертке шалдыққан науқастардың барлығына медициналық көмек көрсетілді және барлығы қанағаттанарлық жағдайда үйлеріне шығарылды. Бүгінде Шолпан ауылында сары ауруға шалдыққандармен қарым-қатынаста болған 140 балаға екпе егілген», — дейді.

Райфа ханым әлгі баланың көз жұмуына гепатит емес, басқа ауру себеп болғанын көлденен тартты. — Мәйітке жасалған патологанатомиялық сараптама мен зертханалық зерттеу «А» гепатиті дертін анықтамады. Қыздың көз жұмуына себеп болған бауыр некрозы, сепсис. Мұның гепатитке қатысы жоқ. Бүгінгі күні ШКО-да да, Үржар ауданында да «А» гепатитінен көз жұмғандар



жағдайды тұрақтандыру мақсатында жасалып жатқан бірқатар шараларға тоқталып өтті.

Г.Тағаева «Мектепте кабинеттен кабинетке ауысып оқу жүйесі уақытша тоқтатылды. Сондай-ақ мерекелік іс-шара да әзірге өткізілмейді. Мектеп пен наукас тіркелген үйлер толықтай дезинфекцияланған. Науқаспен қарым-қатынаста болған адамдарды жергілікті жердің медицина қызметкерлері 35 тәуліктік бақылауға алған. Қызметкерлер ауылдың 360 үйін аралап, түсіндіру жұмысын жүргізді. Жалпы облыста да, ауданда да жағдай тұрақты деп айтуға болады», — дейді.

Қантардың сақылдаған сары аязында шығыста жұқпалы аурумен күрес белсенді жүріп жатыр. Ұзамай Шолпанның басындағы бұлт та сейілер деп сенеміз.

Оразай ЖЕҢІСҰЛЫ,
Шығыс Қазақстан облысы

ҚОҒАМ

www.jasqazaq.kz

E-mail: jas_qazaq@mail.ru



Түйткіл

(Басы 1-бетте)

Бір флягы 30 теңге. Қаражаты болмай қалса, зейнеткерлерге қарызға жаздырып береді. Ал жұмыс істемейтін, табыс таппайтындарға ол да жоқ. Аңқалары кеуіп, катып өлсе де қасық су татырмайды. Тіпті көрші көршісіне қарызға да бермейді.

Сусыз ауылдың каталап отырған тұрғыны Айдар Махамбетов «Су болмай қалғанда қар суын ішіп күнелтіп жүрміз» деп ашынады. Ал Садовый ауылдық округінің әкімі Серік Әлжібаев 2012 жылы жобалық-сметалық құжат әзірленгенін растап отыр. Алайда, оған қажетті 579 миллион теңге республикалық бюджеттен бөлінбей қалған. Биыл үміт бар. Құжат дайындауға 5 миллион теңге бөлініпті. Конкурс өткізілген. Бірақ бөлінген қаражат

өзі тұзды. Аңқасы кепкен ауыл халқы өзеннің мұзын ойып, лай суды әжетіне жаратып отыр. Бірақ ол суды ешбір санитарлық-эпидемиологиялық қызмет жүйесінің мамандары сараптамадан өткізіп көрген емес. Шөлді ауылда тұратын жұрттың айтуына қарағанда, өзге малдан кірпияз жылқы баласы әлгі суды жиіркеніп ішпейді екен. Күш-көлігі барлар көршілес ауылдардан тасиды. Оның өзі су емес, қасқалдақтын қанындай қымбат. Бір флягы 80 теңге. Барып-қайтуға жұмсайтын жанар-жағармайыңызды қоссаңыз, Дубровное тұрғындары су емес, сынғырлатып теңге ішіп отырған тәрізді болып көрінеді көзіңізге.

Нина Будникова есімді ауыл тұрғыны жергілікті жерге жаза-жаза шаршаған соң, Президент Әкімшілігіне де хат жолдаған. Ал жауап облыс әкімінің орынбасары Антон Федяевтың қолымен оралды. Әкім

КЕНЕЗЕҢ КЕПСЕ, ҚАР СУЫН ІШ

НЕМЕСЕ СУСЫЗ АУЫЛДЫҢ СЫҚПЫТЫ



аз болған соң, ешкім ынта танытып отырған жоқ. Бұл жайында ауылдық округ әкімі Серік Әлжібаев былай дейді:

— Қаржы қолбайлау болып тұр. Негізінде тұрғындардың ауыз су мәселесінен тиісті орындардың хабары бар. Білікті мамандардың есептеуінше, елді мекенге су 2019 жылы берілуі мүмкін. Оған бюджеттен 500 миллион теңге қарастырылуы қажет.

Қар суын ерітіп ішіп отырған елді мекен бұл ғана емес. Өңіріне сексен көлден сексен моншак таққан Көкшенің етегіндегі жағдай осы болса, Солтүстік Қазақстан облысының Қызылжар ауданына қарасты Дубровное ауылының жағдайы тіптен сорақы. Ауыл қазір ыдырай көшіп, шілдің балапанындай



шашылған. Енді қайтсін, бозала таннан бар уайымы бір жұтым қара су болса.

Мұнда су ғана емес, жол да жоқ. Медициналық қызметтің де сапасы нашар. Бір кезде етек-жені кең пішілген елді мекенде бұл күні 120 адам ғана қалыпты. Қырық құлаш құдық қазғанымен, мейірімді қандырып ішетін таза су шықпайды. Шыға қалғанның

осындай 72 елді мекен бар. Әлгі ауылдың кезегі жеткенше жетпіс жыл өтуі мүмкін ғой. Жұрт жағасынан алғанда осындай уәде де беріп жіберуі өбден мүмкін. Жетпіс жылға дейін қайда?..

Байқал БАЙӘДІЛОВ,
Ақмола облысы

Капиталистік
REALIZM



ТІКҰШАҚПЕН
БАЛЫҚ АУЛАЙДЫ

Дереккөзі: Internet



E-mail: jas_qazaq@mail.ru

www.jasqazaq.kz

NARYQ



Қаржы

(Басы 1-бетте)

Өйткені жаңа жыл қарсаңында шыққан жағымсыз ақпарат жұрт арасында біраз сауал тудырғаны анық. Шағын брифингте тілші қауым жаудыртқан түрлі сауалға әділет министрі бүкпесіз жауап берді.

— Неліктен жұрт қаржының бұғатталуы жайында ресми мекемелер емес, шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарынан естіп-білді?

— Мен мұнымен келіспеймін. Біз дер кезінде, яғни сол күні дерлік хабарладық. Ал уақыт жағынан сәйкес келмеген жағдайда біз келесі күні баспасөз хабарламасын жариялаймыз.

— Қазір бұғатталған қаржыны шығарып алу үшін әділет министрлігі тарапынан қандай жұмыс атқарылып жатыр?

— Арбитраждық шешім қабылданғаннан кейін біз оған қарсы шағым түсірдік. Демек қолға алынған жұмыстың бірінші кезеңі — арбитраждық шешімге қарсы шағымдану. Нью-Йорк соты және Статидің алаяқтығына қатысты қылмыстық іс шеңберінде Латвияның құқық қорғау мекемелеріне сұрау салу арқылы біз Статидің алаяқтығын дәлелдейтін деректерді алдық. Өкінішке қарай, бұл дәлелдер кешігіп қалды. Өйткені іс Стокгольмде қыркүйек айында тыңдалды. Ал дәлелдерді енгізудің ақырғы мерзімі мамыр айы деп белгіленген еді. Латвиядан деректерді біз тамызда алдық. Стокгольм соты бұл дәлелдерді қабылдамай тастады.

Бұл нені білдіреді? Бұл бірден төлемді талап ету деген сөз емес. Ең әуелі арбитраждық шешімді мәжбүрлі түрде орындау үшін, ол нақты бір елдің аумағында заңды деп табылуы тиіс.

Айта кету керек, Стати солай етуге тырысты. Ең алдымен Ұлыбритания аумағында. Ол Стокгольм соты бекіткен арбитраждық шешімді әкеліп, Лондон сотында алдын ала бұғаттау және оны Англия аумағында заңды деп табылуы жөнінде өтініш жасады. Осы екі әрекетті бөліп қарастыру маңызды. Алдын ала бұғаттаудан ағылшын соты бас тартты. Англия аумағында сот істі қарады да әлгі арбитраждық шешімді мойындаудан бас тартты.

2017 жылдың маусымында мен бұл шешім жайында егжей-тегжейлі айтып берген едім. Қазір еске салайын. Судья Англия аумағында жария-құқық тәртібінің қағидасы бойынша бұл шешім

заңсыз саналатынын жеткізді. Себебі Қазақстан Статидің алаяқтық әрекеті туралы өз дәлелін алға тартты.

— Сонда Стати қандай алаяқтық жасады?

— Стати Қазақстанда жұмыс істегенде заем алып, облигация орналастырды. Сол кезде ол қаржыны газ өңдейтін зауыттың (ГӨЗ) құрылысына жұмсауы тиіс еді. Зауыт құрылысына ол екі компанияны тартты. Бірі немістің, бірі ағылшынның компаниясы.

Ағылшын компаниясы Perkwood туралы білгеніміз мынау: Статидің компаниясынан ондаған миллион доллар алғанымен, Англияда бұл компания еш табыс түсірмегендей нөлдік есеп тапсырып отырған. Латвияға сұрау салғанымызда, ол елдегі банкте дәл осы компанияның есепшотына ГӨЗ құрылысының қаржысы аударылғанын білдік. Латвия құқық қорғау органдарының жауабы банкте есепшоттың Анатол Статидің атына ашылғанын растайды. Ал зауыт құрылысы аяқталған жоқ. Кей бөлігі ғана жұмыс істейді.

— «Бұғатталған» қаржыны қайтара аламыз ба?

— Лондонда Стати мәжбүрлеп орындату туралы шешімге қол жеткізе алмаған соң АҚШ-қа кетті. АҚШ соты істі қарауды шегеру туралы шешім қабылдады. Біздің еліміз Лондон сотына Статиге

қарсы шағым түсірді. Біз оны «Статидің алаяқтығы туралы іс» деп атаймыз. Тыңдау ағымдағы жылдың қазан айы деп белгіленді. АҚШ соты 2018 жылғы қазанда өтетін ағылшын сотының шешімін күтетінін мәлімдеді.

Стати алдымен Англияда, сосын АҚШ-та арбитраждық шешімді мәжбүрлеп орындатуға қол жеткізе алмаған соң, Швеция, Бельгия, Нидерландтарға мойын бұрды. Әр елдегі оның алғашқы әрекеті активтерді алдын ала бұғаттауға кеп тіреледі. Бұл арада алдын ала бұғаттау



Марат БЕКЕТАЕВ

«СТАТИДІҢ АЛАЯҚТЫҒЫ ТУРАЛЫ ІС»



Анатол Стати

Тақырыпқа түсінік:

Үстіміздегі жылдың 9 қаңтарында Анатол Статидің голланд сот приставтарына Қазақстан арбитраждық шешімге сәйкес бүкіл соманы төлемесе, Қашағандағы «Самұрық-Қазынаға» тиесілі, құны 5,2 млрд долларлық үлесін сату туралы өтініш жасағаны жария етілді.

Амстердам соты осы акцияларды басқаруға қатысты шектеу қойды. Бұл шешім Нидерландтарда Анатол Стати, Габриэль Стати, Ascot Group SA және Tera Raf Trans Trading Ltd компанияларының Қазақстанға қарсы ісі бойынша 2013 жылы Стокгольмдегі

Сауда палатасының Арбитраждық институты жанындағы Арбитраждық трибуналының шешімін мойындау және орындау шеңберінде шығарылды.

Амстердамның аймақтық сотының шешіміне өзге де сот шешімдерінің ықпал еткені сөзсіз. Атап айтқанда, АҚШ-тағы Bank of New York Mellon Ұлттық қорымыздың 22 млрд долларлық активін бұғаттағаны мәлім. Өткен жылдың 21 желтоқсанында Лондонның Жоғарғы соты Ұлттық қордың активтерін босату туралы еліміздің талабын кері қайтарды.

кескен көрінеді. Сол кезде Анатол Стати мен көмекшісі Сергей Корнегруцқа магистральді құбыр желісінен рұқсатсыз мұнай айдады деген айып тағылды. Олар осындай заңсыз істің арқасында 1 млрд доллардан астам қаржы тауыпты.

Ақырында бүкіл келісімшартқа, қатысу үлесіне тыйым салынып, молдовалық кәсіпкердің есепшоты бұғатталған. Стати жырақта жүргендіктен темір тордан құтылды. Ал көмекшісі Сергей Корнегруц тұтқындалып, 2009 жылы заңсыз кәсіпкерлігі үшін төрт жылға сотталды. Бірақ ол ебін тауып қашып кетті.

қаржыдан айырылу дегенді білдірмейтінін түсінген маңызды. Қаржының «тағдыры» келесі кезеңдерде шешіледі. Оған дейін әлі уақыт бар. Міне, әлгі елдердегі алғашқы қадам — алдын ала бұғаттау болды.

Екінші қадам — осы елдердің аумағында арбитраждық шешімнің заңды екенін мойындауды өтіну. Әлбетте, біз өз қарсылығымызды білдірдік. Ұлыбританиядағы сияқты, біз осы елдерде де Статидің алаяқтығы туралы дәлелдерді алға тартамыз.

Газ өңдеу зауытының құрылысына жұмсалатын қаржыны ол Латвиядағы банктің есепшотына аударды. Ал арбитраждық шешімдегі өтемақының бір бөлігі — ГӨЗ үшін өтемақы болып табылады. Арбитраждық шешімде салынып бітпеген ГӨЗ 230 млн долларға бағаланды. Біздің дерегімізше, Латвия банкіндегі есепшотқа 167 млн доллар аударылған.

Осы дерекке сүйене отырып, біз мәжбүрлеп орындату туралы шешімге қарсылық көрсете аламыз. Бұл арбитраждық шешімді заңды деп тануға болмайды. Себебі арбитраждық талқылауда Стати ГӨЗ-дің нақты құнын жасырды. Оның құны қайткенде де 230 млн доллар бола алмайды.

— Бұғаттау туралы шешім қабылдаған елдерде сот тыңдалымы қашан өтеді?

— Бірде-бір елде мәжбүрлеп орындау туралы тыңдалым белгіленген жоқ.

— Қазақстанға («Самұрық-Қазына» қорына) тиесілі Қашаған акциялары не болмақ?

— Қашаған жобасында қолданылатын модельге сәйкес, еліміз бұл жобадан дивиденд түрінде емес, салық және Profit Oil (үкімет пен компания бөліп алатын табыстың бөлігі) түрінде пайда көреді. Мұнай саудасынан кейін пайданың белгілі бір бөлігі бюджетке, әрмен қарай Ұлттық қорға осы Profit Oil құрылымы арқылы бағытталды. Тиісінше, әңгіме қазір акциялардың бұғатталуы жайлы. Бірақ бұл Қазақстан акционер ретінде шешім қабылдай алмайды деген сөз емес. Ол бұл акцияларды сата алмайды. Әйтсе де, менің білуімше, Қашағандағы акциясын сататын ой да жоқ. Еліміз оны өзінде ұстап, жоба инвесторларының бірі болып қалууды көздейді.

— «Самұрық-Қазына» мәлімдемесінде дивиденд төленбейтіні айтылып еді ғой?

— «Самұрық-Қазынаның» баспасөз хабарламасы құқықтық жағынан айқын және дұрыс жазылған. Шындығында, осы акциялардан түсетін дивиденд елімізге емес, арнайы есепшотқа түсуі тиіс.

Сайып келгенде, таюу арада дивиденд төлеу жоспарланбаған. Тараптар, яғни Қазақстан мен өзге де инвесторлар Profit Oil арқылы пайда алады. Сәйкесінше, қазір Қашағандағы үлесі бойынша елімізге еш қауіп жоқ.

— Қазақстан Стати ісіне қарсы шетелдік заңгерлерге 23 млн доллар төлепті деген мәлімет бар. Осы рас па?

— Әділет министрлігі қазір жалғыз осы істі емес, бірнеше арбитраждық және сот процестерін жүргізуде. Әділет министрлігінің шетелдік кеңесшілерге жұмсайтын қаржы есебі туралы білгіңіз келсе, ведомство бюджетінде ашық көрсетілген.

Ал белгілі бір заң фирмаларымен нақты келісімшартқа келсек, біз бұл ақпаратты жариялай алмаймыз. Сондай-ақ Қазақстанмен 10 жылдан бері жұмыс істеп келе жатқан кейбір заң фирмалары бір емес, бірнеше арбитраждық істі алып жүреді. Әзірге осы ақпаратты ғана айта аламын.

— Статидің бұғатталған қаржыдан дәмесі бар ма?

— Бұғатталған активтер Статидің иелігіне көшеді дегенді білдірмейді. Ұлттық қордың активтері деп нені айтамыз? Бұл әлемдегі алдыңғы қатарлы компаниялардың активтері. Олар жуық арада банкрот болмайды, нарықтан кетпейді. Бұлар «ААА» акциялары. Оларға дивиденд белгіленеді. Дивидендтер арнайы есепшотқа түседі.

Еліміз Ұлттық қорды ағымдағы жұмыста пайдаланбайды. Бұған қатысты депутаттар бірнеше мәрте мәселе көтергенін білеміз. Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев Ұлттық қордың тұрақтылығын қамтамасыз етіп, бюджеттің «мұнайлық емес» бөлігін құрауды тапсырғаны белгілі. Ұлттық қордан ел бюджетіне кепілдендірілген мақсатты трансферттер тұрақты. Тіпті олардың көлемін азайту жоспарланды. Бұл Ұлттық қорды басқару тұжырымдамасында жазылған. Таюу арада Ұлттық қордың бұл бөлігін пайдалану қажеттігі туындамайды. Ол бізге тұрақты табыс әкелуде.

— Активтерді қашан «босатуы» мүмкін?

— Біздің тәуекеліміз арбитраж сомасымен шектелген, яғни 500 млн доллар. Стати орасан қаржы төңірегінде дүрбелен тудыруға тырысады. Бірақ тіпті Қазақстанда бір миллион теңгеге сот шешімі болса, 100 млн теңге де бұғатталуы мүмкін. Сондықтан кез келген көзі қарақты адам алдағы уақытта бұғатталу сомасының азаятынын біледі. Біз бірнеше юрисдикцияда жұмыс істеп жатырмыз. Әрқайсысының құқықтық рәсімдері, белгілі бір уақыт өлшемдері бар. Ол заңмен белгіленбейді, сульяның құзырында.

Дайындаған
Гүлнар АХМЕТОВА

Экономика иірімдері

(Ауладағы шағын дүкенде болған жағдай):

- Сәлеметсіз бе, бір келі қияр қанша тұрады?
- Жергілікті жылыжайдікі — 1000 теңге.
- Қызанақ ше?
- 1100 теңге.

(Әлеуметтік дүкендегі жағдай):

- Қиярдың бір келісінің бағасы қанша?
- 650 теңге.
- Ал қызанақтың бағасы ше?
- 660 теңге.

Байқағандарыңыздай, Павлодар облысындағы сауда орындарында жергілікті жылыжайда өсетін көкөністің бағасы аспандап тұр. Аула іргесіндегі сауда нүктесі мен әлеуметтік дүкендегі бағаның айырмашылығы тағы бар. Бұл жайт тұтынушылардың қалтасына айтарлықтай салмақ салып, қала тұрғындарының наразылығын тудырды. Көпшілік өзімізде өндірілетін өнімнің неліктен қымбат екенін түсінбей дал.

Павлодар қаласының тұрғыны Нұржамал Сағынбекова дүкенге келген сайын қызанақ пен қияр алмақ болады. Имунитет әлсіреп, түрлі сырқат белен алатын қысқы уақытта көкөністің пайдасы мол екені белгілі. Бірақ удай бағаны көргенде бұл райынан қайтып, теріс айналып кетуге мәжбүр. Зейнетақысы күнделікті тамағы мен дәрі-дәрмегінен, жолақысынан аспайтын кейуана көкөніс құнының қолжетімсіздігін айтып, налиды.

Нұржамал апа «Азық-түлікті арзандау бағаға алу үшін әлеуметтік дүкендерді жағалап жүремін. Себебі мұндағы

АЛЫПСАТАРДЫҢ АЙЛАСЫ



ҚЫЗАНАҚ пен ҚИЯР НЕГЕ ҚЫМБАТ?

өнім өзге сауда орындарымен салыстырғанда сәл төмен. Бірақ қияр мен қызанақтың бағасы түсер емес. Жергілікті қызанақтың бір келісі 660 теңге, қиярдың келісі 650 теңгеден сатылуда. Бұл шеттен келетін кей тропикалық жемістен де қымбат. Өзімізде өсетін көкөністің құны неге арзан болмайды?» деп аң-тан.

Бұл сұрақтың жауабын алу үшін біз облыстық кәсіпкерлік, сауда және туризм басқармасына

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Нұржан ӘЛТАЕВ,
ауыл шаруашылығы вице-министрі:

Өкінішке қарай, қыста жыл сайын көкөніс қымбаттайды. Бұған көрші Ресейдегі баға да әсер етеді. Себебі оңтүстік өнімдерінің көбісі дерлік сол жаққа жіберіледі. Бар мәселе заманауи сақтау кешендерінің аз болуында. Әзірге жеміс-көкөніс тауарларын дистрибуциялайтын инфрақұрылым дамымаған.

хабарласқан едік. Ведомство өкілдері қияр мен қызанақ әлеуметтік маңызы бар 19 азық-түлік қатарына еңбейтіндіктен, мемлекеттік тұрғыдан реттеуге де, қалағалауға да қауқарсыз екенін алға тартты. Нарықтағы жағдайды тұрақтандырып, бағаның құрт қымбаттауын болдырмау үшін өткен жылы облыста екі бірдей жылыжай кешені ашылған еді. Сол тұста жергілікті билік өкілдері бұдан бұлай нарық бағасы құбылмайды деп сендірген. Алайда іс жүзінде олай болмай шықты. Қос жылыжайдың өнімі әлеуметтік дүкендерде 660-680 теңге аралығында, үй іргесіндегі дүкен мен кей сауда желісінде 900-1200 теңгеге дейін сатылуда.

«Ақсу жылыжай кешені» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің құрылтайшысы Әбдімұгал Мирахметов «Павлодар» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясымен жасалған келісімшартқа сәйкес, тұрақтандыру қорына қиярдың бір келісі 500 теңгеден өткізілетінін айтты. Өз кезегінде корпорация әлеуметтік дүкендерге 650 теңгеден сатады.

«Павлодар» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» басқарма төрағасының міндетін атқарушы Рүстем Атырауов «Өткен жылдың желтоқсан айында Ақсу қаласындағы кешеннен 13 800 келі қияр сатып алынды. Ал тұрақтандыру қорынан өнімнің бір келісі 650 теңгеден босатылады» дейді. Екібастұз қаласында іске қосылған Qaztomat жылыжайы болса, тұрақтандыру қорына қызанақтың бір келісін 440 теңгеден өткізеді. Оны «Павлодар» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы дүкендерге 600 теңгеден сатады. Кейін әлеуметтік дүкен 10 пайыздық үстемеақы қосып, 660 теңгеден саудалайды. Олай болса, кей сауда орындарында жергілікті жерде өсірілген көкөніс бағасының 1000 теңгеден асып жығылуын қалай түсінуге болады? Өзін Айнуір Рахметова деп таныстырған сатушы мұны бұлай түсіндірді:

— Павлодар облысындағы жылыжайларда өскен қиярдың сапасы жоғары болғандықтан, тұрғындар тарапынан зор сұраныс бар. Бірақ жылыжай өндіріп отырған көлем әлеуметтік дүкенді қамтудан ары аспайтын көрінеді. Тұтынушының сұранысын өтеу үшін делдалдар қиярды сол дүкендерден алып, бізге бір келісін 750 теңгеден өткізеді. Бізге де табыс табу керек қой. Сондықтан үстіне 150 теңге қосамыз, — дейді.

Демек, делдалдардың дегені болып тұр. Алып-сатумен айналысатын олардың дәурені жүріп, нәтижесінде тұтынушылар ұтылып отыр. Ал мұндай китүрқы әрекет арқылы пайда көріп отырған оларға тұсау салуға қауқар жоқ.

Құндыз КАБЫЛДЕНОВА,
Павлодар облысы

Тағдыр



МАЗАСЫЗ МҮЙІС

www.jasqazaq.kz

E-mail: jas_qazaq@mail.ru

Бүгінгі кейіпкеріміз – Сириядағы қарулы қақтығысқа кетіп бара жатқанда ұсталған атыраулық жігіт. Салафизм, уахабизм, тәкфиризм ағымдарына ұланғандар Сирияда «қасиетті соғыс» жүріп жатыр деген пікірде. Сол жаққа өту үшін әлгі жігіт, тіпті баспанасын да сатып жіберген. Діттеген жеріне Ресей арқылы жетпек болған ол Атырау облысы Құрманғазы ауданының Ресеймен шектесетін шекара маңында қолға түседі. Өзі болса бір сәрі, жұбайымен бірге, бала-шағасын да от пен оқтың ортасына алып бара жатыпты. Тұтқындағы азамат осыдан 3 жыл бұрын болған сол бір қайғылы оқиғаны күрсіне отырып еске алады.

«ИМАМҒА ЕМЕС, ИНТЕРНЕТКЕ ЖҮГІНДІМ»

Аты-жөнін жарияламауымызды өтінген, енді ғана отыздан асқан жігіт «Соншалықты қалай ғана көзсіз сенімге түскеніме әлі күнге дейін қайран қаламын. Қазір ойлап отырсам, біз сол кезде исламдағы жұмсақтық деген дүниені мүлде ұмыт қалдырған екенбіз. Дінге қызығушылығым осыдан он жыл бұрын, яғни 2007 жылы басталды. Ол кезде небары 21-дегі албырт жас едім. Он-солыма байыптай

нағыз жұмақ Сирияда деген шешімге келдім. Сол кезде мені үйемелі-сүйемелі балаларымның да, жолдасымның да болашағы ойландырған жоқ» — дейді.

«Мен жалғыз емес едім. Жанымда жолдас жігіттерім болды» — деп сөзін жалғайды ол. «Сол жігіттердің бір-екеуі жасырын жолмен Сирияға аттанып кетті. Мен Ресей — Түркия — Сирия сызбасымен өткім келді. Ол кезде кішігірім бизнесім де болатын. Ресеймен

кейін, өзіме осы сұрақты жиі қоятын болдым» деп бізге ағынан жарылды ол. Одан ары кейіпкеріміз өз ойын былай сабақтады: «Ең алдымен мұсылманға мінездің жұмсақтығы керек екен. Біз болсақ, барлық мәселеге қатқыл қарай бердік. Намаз оқымайтындардың барлығын кәпірге тенедік. Ал шындығына келгенде, Мұхаммед пайғамбарымыз (с.ғ.с) айтқандай, шынайы мұсылман өзгеге тілімен де, ісімен де зиянын тигізбеуі тиіс екен. Салафилік, уахабилік идеологияға ұланғандар «бидғат», яғни дінге енгізілген жанаалық деп ұлардай шулап жүрген казактын дәстүрлері, келіннің сәлем салуы, марқұмға садака беру мәселесі де исламмен астасқан дүниелер. Түсінгенім, өзін шейх деп насихаттап жүрген жат идеологияны таратушылар Құранды да, хадисті де бұрмалайды. Өзінің ыңғайына немесе сол белгілі бір ұйымның саясатына қарай бейімдеп түсіндіреді. Асылында, адамның барлығы бірдей. Казактын данышпаны Абай Құнанбаевтың «адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп» деген сөзінің астарында терең мән-мағына жатқанын енді ғана ұқтым. Ең маңыздысы — жүректегі иман екен. Алланың діні ата-анаға, өскен ортаға құрмет көрсетуден басталады. Біз Алланың қалауымен Қазақстанның азаматы атандық. Ендеше, Отанымыздың гүлденуіне үлес қосып, тәртіпке бағынуға міндеттіміз. Осыны түсінбей, тура жолдан адасыппын» деп сөзін түйіндеді.

ТАС ТҮРМЕДЕГІ



ӨКІНІШ

қарай бермейтінім тағы бар, бірге жүрген, намазды өзімнен бұрын бастаған жігіттердің сөзіне имандай сенетінмін. Мен үшін олардың айтқан үкімі, пәтуасы — бұлжымайтын заң. Рас, намазды бастапқыда жергілікті мешіттен үйрендім. Кейін дінге қызығушылығымды байқаған ауылдас жігіттер мені өзіне тарта бастады. Бір сұрақтың жауабын алу үшін имамға барғаннан гөрі, қолда жүрген телефон арқылы интернеттен ілім іздеген әлдеқайда жеңілрек көрінді. Ділмұрат, Назратулла, Ринаттардың (діни саратшылар бұларды жат ағымды насихаттаушы деп үкім берген — авт.) бейнеуағызын тындап жүріп,

екі ортада тауар тасымалдап, сауда-саттықпен айналысып жүрдім. Сол уақыт аралығында Мысыр Араб республикасының Александрия қаласына барып, алты айдай араб тілі курсың менгеріп келдім. Бірақ бұдан діни білімім жоғарылап кетті деп ойламаймын. Рас, Сириядағы қактығысты «Жиһад емес, хауариждердің саяси бүлігі» деп баға берген азаматтарға шейхтар айтқан дәлелді келтіріп, өз білгенімді өзгеге мойындатуға тырыстым. Абдулаһһабтың (жат ағымның негізін қалаушы — авт.) «Усулус-Саласа», яғни «Үш негіз» атты кітабын оқып, исламды

«ҚАТЕЛІГІМДІ ҚАЙТАЛАМАЙМЫН»

Санаулы уақыттан соң кейіпкеріміз бостандыққа шығады. «Еркіндікке шыққан соң отбасыма көңіл бөлемін. Кәсіпімді жалғастырып, балаларымның болашағы үшін еңбек етемін.



Серікжан ЕНШІБАЙ, ТЕОЛОГ:

ОЛ ҚАТЕЛІГІН МОЙЫНДАДЫ

«Шапағат» деструктивті діни ағымдардан жапа шеккендерге көмек орталығының теологтары кейіпкермен бірнеше мәрте кездесу өткізіп, сұхбат құрды. Кейіпкердің өткен өмірінде жасаған қателігіне өкінетіндігі, ең бастысы, оның Әбу Ханифа мәзһабына бейімделіп келе жатқандығы байқалады. Қазіргі таңда ол намазды дәстүрлі мәзһаб бойынша оқып жүр. Дін мәселесінде теологтар мен имамдардан ғана кеңес алуды әдетке айналдырған. Білімсіздіктің әсерінен қате жолға түскенін де мойындайды. Сол себепті, жат ағымда жүрген жолдастарымен қатынаспауға бекініп отыр.

өзімнің ыңғайыма қарай бейімдеп алуға да тырысып жүрдім. Қазір ойлап отырсам, біз күпірліктен көз аспаған екенбіз» — деп күйінеді.

«МЕН НЕДЕН ҚАТЕЛЕСТІМ?»

«Мен неден қателестім? «Шапағат» деструктивті діни ағымдардан жапа шеккендерге көмек орталығының теологтарымен құрылған сұхбаттан

Осы уақытқа дейін намаздан қол үзбедім. Сәждеден бас алғым да келмейді. Бірақ әр әрекетімді мешіт имамдарымен ақылдасып отырып атқарамын. Қазақ даласына ықылым заманнан тараған Әбу Ханифа мәзһабы — бүгінгі ұрпақ үшін тура жол көрсететін бағдарламға айналса екен деп те тілеймін» деген кейіпкеріміз дінге қызығушылық танытқан жастарды мұфтият жанындағы медреселерде білім алуға үндеп отыр.

Атыраудағы УГ-157/9 түзеу мекемесінен шығып бара жатқан бізді кейіпкеріміздің осы бір ауыз сөзі ойландырып тастады.

Жазып алған
Баян ЖАНУЗАКОВА,
Атырау облысы

АҚПАРАТ АҒЫНЫ

АҚПАРАТ АҒЫНЫ

АҚПАРАТ АҒЫНЫ

АҚПАРАТ АҒЫНЫ

АҚПАРАТ АҒЫНЫ

АҚПАРАТ АҒЫНЫ

АҚПАРАТ АҒЫНЫ

АҚПАРАТ АҒЫНЫ

Қарағандыда ДАИШ халықаралық террористік ұйымына қосылу үшін елден көмелетке толмаған туысын әкетпекші болған 30 жастағы әйелдің соты жүріп жатыр.

ЖОЛЫ КЕСІЛДІ

Қарағанды облыстық қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соты хабарлағандай, күдіктіге ҚР Қылмыстық кодексінің 259 және 257-бабы, яғни «Террористік не экстремистік әрекетті ұйымдастыру мақсатында адамдарды азғырып көндіру немесе даярлау үшін есірткі немесе психотроптық заттарын заңсыз сақтау, тасымалдау» бойынша айып тағылуда.

Отыз жастағы күдіктіні Сирияға кетіп бара жатқан жолында Қарағанды облыстық ұлттық қауіпсіздік департаментінің қызметкерлері құрықтаған. Тергеу барысында жас әйелдің содырларға көмек көрсету үшін жолға шыққаны анықталды. Оны өткен жылдың қыркүйегінде «Сокур» бекетінде құрықтаған. Тергеу нұсқасы бойынша, күдікті Сирияға тамыз айында кетуді жоспарлапты. Ол содырлармен



байланысып, өзімен бірге күйеуінің кіші інісін, яғни қайын інісін апаратынын айтқан. Бірақ енесінің келісімін алмаған соң, кейінге қалдырған екен.

Атыраулық азаматты зират басына апарып 600 мың теңге беруін талап еткен. Оқиға былай болыпты.

ТЕРІС АҒЫМДАҒЫЛАР БОЛЫП ШЫҚТЫ



Екі адам «СМП-163» ықшамауданында 1990 жылғы азаматты ресейлік нөмірмен тіркелген ВАЗ-2114 көлігіне күштеп отырғызған. Содан соң оны зират басына апарып, екі сағат бойы арматурамен ұрып, 600 мың теңге беруін талап етіпті. Ұрып-соғып болған соң жас жігітті қалаға алып келіп, көшеге тастап кеткен.

Зардап шегуші полицияға шағымданды. Тәртіп сақшылары шара қолданып, күдіктілердің кім екенін анықтады. Айдың-күннің амаңында адам ұрлап, оны аяусыз соққыға жыққандардың бірі Атырау қаласының 1987 жылғы тұрғыны болып шықты. Бұрын сотталған. Ал екінші күдікті — 1990 жылғы жергілікті азамат. Өңірлік ПД-нің баспасөз қызметі хабарлағандай, олардың деструктивті діни ағымды ұстанатынын анықталған.

Жедел іздестіру шаралары барысында күдіктілердің Атыраудан кетіп, пойызбен Оңтүстік Қазақстан облысына бара жатқаны белгілі болды. Әрмен қарай ел аумағынан шығып, Қырғызстанға өтпекші болыпты. Күдіктілер Түркістан қаласында құрықталды.

100 млн теңгеден астам пара алған шенеунік 9 жылға қамалды. Астана қаласы Сарыарқа ауданы өкімінің бұрынғы орынбасары Риза Ақшорин 5 қаңтар күні қамауға алынған болатын. Оған сыбайластарымен бірге 122 млн теңгені талан-таражға салғаны үшін айып тағылды.

ПАРАҒА ДАУА ЖОҚ

Астана қаласы Сарыарқа аудандық сотының баспасөз қызметі хабарлағандай, ол өмір бойы мемлекеттік қызметте жұмыс істеу құқығынан айырылып, жол талғамайтын темір көлігі тәркіленген. Сондай-ақ онымен қылмыстық ымыраға келген «Астана Техпром» ЖШС директоры Данияр Нұрғалиев, «СБС-Снаб Сервис» ЖШС директоры Асхат Жанғозин, Install Service Com ЖШС директоры Қайрат Уәлиев те кінәлі деп танылып, 7 жылға бас бостандығынан айырылды. Сот айыптыларға мемлекетке материалдық шығын келтіргені үшін 116,6 млн теңге төлеуді міндеттеген.

Жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бюросы таратқан ақпаратта Р.Ақшорин Астана қаласы әкімдігіне қарасты «Астана Тазалық» ЖШС-ның бас директоры А.Басқанбаевпен қылмыстық ымыраға келе отырып, «СБС-Снаб Сервис» және Install Service Com жауапкершілігі шектеулі серіктестерін құрғаны айтылады.



2016 жылы 1,8 млрд теңгеге көшені тазалау және санитарлық тазартуға арналған мемлекеттік сатып алу конкурсын жеңіп алуын заңсыз қамтамасыз етіп, заңсыз табыс алғандығы анықталып отыр. Сондай-ақ ол өзіне бағынышты компаниялардың мүддесіне сай шешім шығарып алу үшін өкімдіктің лауазымды тұлғаларына бірнеше мәрте пара берген.

Қызылорда облысының тәртіп сақшылары браконьерлікпен айналысқандарды құрықтады. 10-14 қаңтар аралығында экологиялық қылмыстардың алдын алу мен заңсыз аңшылықтың жолын кесу мақсатында Қызылорда облысы Қармақты ауданының аумағында полиция қызметкерлері мен «Охотзоопром» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны қызметкерлері бірлескен рейд өткізді.

КИІККЕ АТЫЛҒАН ОҚ



Рейд кезінде Toyota Land Cruiser автокөлігі тоқтатылып, жол талғамайтын темір тұлпардың артқы жағынан қапқа оралған үш ақбөкен табылған. Бұдан басқа, еш құжаты жоқ 1 дана 12 калибрлі, бір ұңғылы аңшы мылтығы, 7 тал оқ, бір тал ағаш сапты пышақ тәркіленді. «Мергендерге» қарсы қылмыстық із қозғалып, тергеу амалдары басталып кетті.

Тарих

Түркі халықтарының тарихын, мәдениетін, этнографиясын, фольклорын, әдебиетін, тілін бір-бірімен байланыстыра қарастыру әлі де өзектілігін жойған емес. Махмұт Қашқари еңбегінен бері түркі жұртының мәдени мұраларын салыстыра қарастырып, олардың бір-біріне ықпалы мен әсерін, ерекшелігі мен сонылығын, рухани жақындығын зерттеп, көптеген ғалымдар еңбек жазды. Елдік пен ерлікті дәріптеп, атадан балаға ауызша мирас болып жеткен құнды жәдігерлердің бірегейі – «Манас» эпосы.

Қырғыз халқының еншісіне тиген «Манас» эпосы — түркі халықтарының ортақ мақтанышы. Жауынгерлік рухтағы эпостың арғы қайнарын ғасырлар бойы қытайлармен тіресіп, батыс қанатын Алтай асырып, Балқанға жеткізген ғұндар заманынан іздемегеннің өзінде, көк түріктердің телетей-теңіздің толқындарындай дүниені тітіренткен дәуірінен бастау алатынын анғаруға болады.

Мысыр жазуы туралы сөз болса, Франсуа Шампольон, көне түрік жазуына қатысты әңгіме өрбісе, Вильгельм Томсен, «Ильгамеш» эпосы жайындағы еңбектерде Жордж Смит есімдері қатар аталса, «Манасты» алғаш рет жазып алып, әлемдік ғылыми ортаға танылуына, зерттеу нысанына айнауына түрткі болған Шокан Уәлиханов пен эпосты кеңестік репрессиядан арашаалап қалған Мұхтар Әуезов есімдері манастарын саласында алтын әріппен жазылды.

Ш.Уәлиханов Ыстықкөл сапары туралы былай деп жазды: «Менің қырғыз жұртшылығымен таныса бастағаным 1856 жылдан бері қарай. 1855 жылы қырғыздың атакты манабы Боранбай өзіне бағынатын руларымен орыс патшалығына қарады. Қырғыз халқының сұрауы бойынша 1856 жылы Хоментовский полковник бастаған бірінші экспедиция шықты. Оның мақсаты қырғыз халқымен жағынырақ танысып, олардың жерін картаға түсіру еді. Мен осы экспедицияға қатынасып, Боранбайдың ауылында болдым. Қырғыз халқының бірнеше тамаша қария сөздерін жинап, олар туралы бір очерк жаздым». 1856 жылдың 24 мамырында Шокан Қарқарада өткен Ұлы жүз қазақтары мен қырғыздардың жиынына қатысып, қырғыздың манаптары Боранбай, Мұраталы, Шон-Қараш, Качибекпен кездеседі. Осы жиында Ш.Уәлиханов «Манасты» білетін жыршыны сұрастырса керек. Себебі екі күннен соң, яғни 26 мамырда қырғыз жыршысы Шоканға келіп, «Манас» эпосының «Көкетай ханның асы» деген тарауын айтып береді. Өкінішке қарай, Шокан манасшының есімін жазбаларында көрсетпеген.

Шокан «Манас» жыры туралы ең алғаш Омбыдағы қалет корпусының оқытушысы Н.Костылецкийдің лекциясынан естіген болатын. Себебі Н.Костылецкий қазақтар арасынан шөкірттері арқылы жинаған жыр-аңыздарды, ертегілерді дәріс барысында пайдаланатын. Жиналған мәліметтердің арасында «Манас» жырының сюжеттерінен алынып, ертегі түрінде жазылған «Қонырбай» (*«Ер Нұра»*) және «Қарабас ұлы Манас» та бар еді.

Ыстықкөлге бет түзеген сапарында Шокан Манас туралы аңыздарды, ертегілерді, шежіре-аңыздарды Жетісу өңіріндегі Ұлы жүз қазақтарынан ести бастайды. Манасқа қатысты естіп-білгендерін дәптерлеріне жазып алады. Демек, Шокан Уәлихановтың Ыстықкөл бойында «Көкетай ханның асын» жырлаған манасшымен кездеспей тұрып-ақ, Манас батыр туралы аз да болса құлағдар болған.

Шокан қырғыздардың сарыбағыш, солты, саяқ, шерік руларына тиесілі Орман, Жантай, Төрекелді ауылдарын аралайды. Мұндағы мақсаты — географиялық атаулардан бөлек, көнекөз қариялардан жеткен мифтерді, аңыз-жомоктарды (ертегілерді) жинау, олардың «Манас» жырымен қатынасын, байланысын анықтау, ескіден жеткен есті сөздер негізінде қырғыз тілінің дамуын танып-білу. Жиналған материалдар негізінде Ш.Уәлиханов «Жоңғария очерктерінде»: «Манас» — қырғыз мифтерінің, жомоктарының, аңыздарының энциклопедиялық жинағы. Бұлардың барлығы бір ғана дәуірге және бір ғана Манас батырдың төңірегіне топталған» деп жазалды.

Бір ғажабы, қырғыздар Манасты Шоканға ноғайлы дәуірінің батыры ретінде жырлаған. Тіпті өзге де аңыздары мен жомоктарын ноғайлы кезеңімен байланыстыра жаздырған. Шоканның өзі: «Ноғайлы дәуірінде айтылған көп аңыздар, ертегі-жырлар қырда осы кезге дейін жеткен. Ол жырларды ерекше қадірлеп, көзінің қарашығындай сақтаған, әсіресе казак, каракалпак, қырғыз жұрттары. Жалпы айтқанда, Алатау қырғыздары ноғайлының ертегі-жырына, қария сөздеріне өте қанық» дей келіп, «Жырдың алыбы ноғайлының батыры Манас, қорқуды білмейтін ер: бар өмірін сұлу ойел үшін соғысумен өткізген», — деп жыр кейіпкерін ноғайлының батыры деп көрсетеді.

Шоканның кейін Жетісу мен Алатауды аралаған түрколог-ғалым В.Радлов «Манас» жырының бір нұсқасын 1862 жылы хатқа түсіреді. Бірақ 80 беттік бұл нұсқаның көркемдігі Шоканның жазып алған нұсқасынан әлдеқайда солғын шығады. 1869 жылғы екінші сапарында В.В.Радлов «Манас» эпосының көлемді нұсқасын, сонымен қатар «Алмамбет», «Жолай» жырларын жазып алады. Өкініштісі сол, В. Радлов та Шокан секілді «Манасты» жеткізушінін аты-жөнін жазып алмайды. Дегенмен, манастаңушы кейінгі зерттеушілер екі ғалым да жырды бір кісіден жазып алғандығына түрлі дәлелдер келтіреді және ол жеткізуші XIX ғасырда бірнеше манасшының ұстазы болған Назар жырау екендігін алға тартады.

В.Радловтан кейін бірнеше адам «Манас» эпосының тарауларын, үзінділерін жазып алғаны жөнінде мәлімет болғанымен, олардың қолжазбалары жарияланбаған. «Манас» эпосын жүйелі түрде жазып алу бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін, Ресей империясының орнына Кеңес үкіметі орнанаған соң жүзеге асады. «Манас» үзінділерін, белгілі бір тарауларын айтушы жомокшылар көп болғанымен, жырды тұтас күйінде білетін манасшылар некен-саяқ еді. Эпостың классикалық үлгісін

Қырғызстан Компартиясы Орталық Комитетінің ұйымдастыруымен Фрунзе қаласында (*қазіргі Бішкек*) «Манас» эпосының болашағы туралы ғылыми конференция өткізілді. Бұл жиын осы уақытқа дейін жазылған, айтылған пікірталастың қорытындысы ретінде жоспарланды. Конференцияға қырғыз ғалымдарынан бөлек, Мәскеу, Ленинград қалаларынан А.Боровков, Л.Климович секілді белгілі профессорлар, Орталық Комитет өкілдері қатысты.

Бұл конференцияға қырғыз елінің мүддесін қорғап, «Манас» эпосын саяси қудалаудан арашалау мақсатында қазақтың ұлы жазушысы, КСРО мемлекеттік сыйлығының иегері, академик М.Әуезовті арнайы шақыртты. Конференцияда сөз алғандар «Манас» елдік және ерлікті жырлайтын шығарма ма, әлде патриархалық-феодалдық қоғамды дәріптейтін реакцияшыл эпос па?» деген пікірлер төңірегінде соғырланды. Осы конференцияда қорытынды сөз алған Мұхтар Әуезов «Бұл талқылау партия және совет баспасөзінің беттеріндегі айтыстан басталды. Әділіне жүгінсек, төрт ай уақыттың ішінде республикалық баспасөз ұлан-ғайыр іс тындырды, тек «Советская Киргизия» және «Қызыл Кыргызстан» газеттерінде ғана ұзын-ырасы он беске тарта мақала жарияланды... «Манас» жайындағы мәселені талқылау ісіне тек Қырғызстанда ғана емес, Москва да зор көңіл бөліп отыр. Бүкілодақтық Академия да, СССР совет Жазушылары одағы да біздің конференциядан түбегейлі жауап тосады», — деп бұл конференцияның маңыздылығын, бір ұлттың мақтанышына айналған мәдени мұраның тағдыры осы жиынның қорытындысына тәуелді екеніне өзін ұйып тыңдаған халықтың назарын аударалды.

Өз баяндамасында Мұхтар Әуезов өзіне дейінгі мақалаларды сараптай келе, «Манас» ерлік пен елдікті насихаттайтын халықтық эпос екендігіне дәйекті мысал келтіре отырып, А.Боровков пен Л.Климовичтің пікірлеріне ғылыми тұрғыда тоғытарыс береді. Туыстас халықтар арасындағы фольклорда бұл эпостың

окшау тұрған үлгісі екеніне, сюжеттерінің көркемдігіне тоқталалды. Жырдың түп асылын Орхон жазуларымен салыстыра отырып, іздеу қажеттігін алға тартады. Манас батырдың ерлік жорықтарын Күлтегін ескерткішінде жазылған жолдармен салыстыра қарастыруды ұсынды. Сөз соңында «Бәр-бәріміз иық сүйесе, тізе қоса еңбек ете отырып, «Манасты» жат сарындардан тазартып, оны халыққа қайтарып беруге борыштымыз» деп қорытындайды.

Мұхтар Әуезовтің осы конференцияда «Манасты» қорғай сөйлегенін өз көзімен көріп, залға сыймай, есіктің аузында тікесінен тік тұрып тыңдағанын қырғыз халқының мақтанышы Шыңғыс Айтматов әртүрлі жиындар мен естеліктерінде тебірене айтып, жазып жүрді.

«Манас» тек қырғыз халқының ғана тиесілі емес, ол сонымен қатар Байқалдан Кара теңізге дейінгі, Сібір ормандарынан Памир шындары жеріндегі тіршілік еткен барша түркі жұртының ортақ жәдігері.

Эпостың шыққан дәуірі туралы пікірлер әлі де сан алуан. Ш.Уәлиханов өзіне жырлап берген манасшылардың дерегіне сүйене

ескерткіштері ретінде зерттеп жүр. Соған қоса, олар фольклордың мейлінше көне үлгілерінің де ескерткіштері емес пе? Сол жазуларда эпостық аңыздардың шағын да ықшам фабулалық желілері бар ғой. Егер мұндай ескерткіштер қара тастан ойылып, қашалып тұрып жасалса, сол жырлардың ауызша айтылып таралған әрі бұдан да толық нұсқалары болмауы мүмкін бе?» — деп орылды мәселе көтереді. Енді бір тұста «Олардың мазмұнында эпостық баяндау сазы басым, аңыздың көркемдік түрі де соған орайлас. Күлтегін, Тоныкөк немесе Суджа жазуларында қанша адам, қанша ерлік, қанша оқиға бейнеленген десеңізші?! Оларда әр алуан рулар мен тайпалардың кескілескен шайқастарының, соғыс суреттерінің, батырлар ерлігінің, жорықтардың шежіресі бар... Ол жазуларда хронологиялық тәртіп те бар... Сол жазуларда Тоныкөк тек батыр ғана емес, соғыс тактикасын жасауға қатысушы, дипломат болып та көрінеді. Онда тағлым ретіндегі өсиет те бар», — деп ескерткіш жанрының көп қырлылығына назар аударалы.

Демек ғасырларды артқа тастап, осы күнге жеткен жәдігерлерді біржақты ғана қарастырып, бір жанрға телу ғылымға қиянат болары анық. Бұл ескерткіштерде хронологиялық тәртіппен жазылған тарихи мәлімет те, аңыз-әңгімелерге сүйенген фольклорлық элементтер де, адамның жанын шабыттандыратын поэзиялық үлгілер де, тұрақты сөз тіркестерінен құрылған шешендік сөздер де, көркем ойды жеткізетін қарасөз тізбектері де кездеседі. Мұнда пәлсапалық ой-тұжырымдар мен тұтас ел болу идеясына қатысты саяси ұстанымдар да сөз болады.

М.Әуезовтің көрсетуінше, Ұйғыр қағандығын құлатып, Қырғыз қағандығын орнатқан батыр 847 жылы дүниеден қайтқан. Өкінішке қарай, ол батырдың есімі жазба деректерде сақталмаған. М.Әуезов осы батыр Манастың өзі болуы бек мүмкін деген жорамалға келеді.

М.Әуезов эпостардың шығу төркіні туралы: «Халық арасында әлдебір батырдың қопшасуы және соны жоқтауға байланысты таралған өлен-жырды алғашқыда бір ақын жинап, басын құрауы, сөйтіп, тұңғыш эпостық дастанның тууына негіз қалауы ықтимал», — деп дұрыс айтқан. Белгілі бір батыр қайтыс болғанда артында қалған жұрт руының, елінің қорғанышы болған әлгі адамның туылғаннан бастап өлгенге дейінгі өмірі тізбектеліп, қадір-қасиетін, ерлік жолдарын, тіршілігін айтып жоқтап, қаза болған кісіні сағынып, егіле жыйлайды. Бұл жоқтау елден-елге ауызша тарап, кейінгі таратушылар батырды дәріптеп өз жанынан жыр қосып, алғашқы жоқтау жан-жақты толығып, үлкен бір эпосқа айналады.

Мұндай керездерді (*осиет жыр, бақұлдасу*), қошоктарды (*жоқтауларды*) біз «Манас» эпосынан бірнеше жерде көреміз. Мәселен, «Көкетай ханның асындағы» Көкетайды жоқтауы, Алмамбеттің Чубакпен бақұлдасу, Манастың Алмамбетті жоқтауы, Манасты жоқтау. Бұл секілді бақұлдасу мен жоқтау түрлері казак фольклорында, соның ішінде батырлық жырлар мен эпостарда, көптеп кездеседі. Мәселен, Сорқұдыкка бет алған Ер Төстіктің қоштасуы, Төлегеннің аспандап ұшқан алты қазбен қоштасуы, белінен шойырылған Тарғынның Ақжүніспен бақұлдасуы және т.б.

Орхон жазба ескерткіштерін фольклорлық мұраларсыз қарастыру мүмкін емес. Тасқа қашалып жазылған ерлік жорықтарын жалпы түркі халықтарына ортақ батырлық эпостармен салыстыра талдау және оларды тарихи деректермен нақтылап көрсету ескерткіштің құндылығын арттыра түсері сөзсіз. Сол себебептен де, біз тарихи жазба ескерткіштен батырлық эпостардың толық нұсқасын, қалыптасқан тулғасын іздемей, түркі халықтары эпостарында кездесетін ұқсас жекелеген сюжеттерді, типтік образдарды анықтасақ, әлдеқайда тиімді болары анық. Өйткені фольклор мен ежелгі әдебиет арасындағы сюжеттер мен образдар, жанр мен құрылымы бірде ұқсас, бірде ерекше болуы мүмкін.

Қазіргі әдебиеттану ғылымында түркі халықтарының жазба әдебиетін Орхон ескерткіштерінен бастау қалыптасқан. Дегенмен бұл жазба әдебиеттің алдында түркілердің атадан балаға сан ғасырлардан мирас болып қалған аңыздары, ерлік дастандары, ауызша тараған өлен-жырлары бар еді. Күлтегін мен Білге қағанның жорықтары мен ерліктерін тасқа сыналап жазған авторлар сол ауыз әдебиетінен, қуатты поэзиядан, бабалар сөзінен нәр алып, сусындаса керек. Олар өз заманының қағаны мен батырының ерлік жорықтарын тек хронологиялық-тарихи шежіресін ғана беріп қоймай, сонымен қатар дәстүрлі поэзия өрнектерімен де әліптеген. Сол себептен де тас жазуларын эпостармен салыстыра зерттеуді алға тартқан М.Әуезов, Ә.Марғұлан сынды ғалымдардың ой-тұжырымдары әлі де мәнін жойған жоқ. Эпостық дәстүрі ерекше дамыған түркі халықтарының бай мұрасын Орхон мұраларымен байланыстыра қарастыру тарихи жәдігерлердің ұлттық әдебиетіміздегі құнын арттыратыны анық.

Ақжігіт ӘЛШЕБЕКҰЛЫ,
филология ғылымдарының кандидаты, доцент

Оқшау ой

Кітапханашы деген білім нәрін сіңірген, энциклопедияларды білетін кәсіби маман. Еңбектеген баладан еңкейген көріге дейін іздеген білімін кітапханадан табады. Бүгінгі таңда кітапханашының ойлығы ең төменгі еңбекқақы екені белгілі.

ЖАЛАҚЫСЫ АЗ, ЖҰМЫСЫ КӨП



Олардың айлығы дәрігер мен мұғалімнің алатын ақшасынан төмен. Бірақ кітапханашының қоғам алдындағы міндетінің маңызы білім саласы мен денсаулық сақтау саласының маманымен бірдей екенін атап өту керек. Осыған байланысты, кітапханашының айлығын көтеру өзекті мәселе екенін атап өткім келеді. Әсіресе, аудан мен ауылдағы кітапханашының айлығын ойлаған дұрыс.

Кітаптарды сатып алу бойынша жеткілікті қаражаттың бөлінбеуі, елімізде басылып жатқан кітаптар туралы ақпараттың жоқтығы, білім салалары бойынша мемлекеттік тілдегі кітаптың аз басылуын атап өтуге болады. Облыстардың барлығында балалар мен жастарға толыққанды қызмет көрсете алатын кітапхана көп емес. Әдебиеттің әлеуметтік маңызы бар туындылары бойынша кітапханаға барушының сұранысы қанағаттандырыла бермейді. Кітапханалардың интернетке қолжетімділігі де мез емес. Еліміздегі кітапханалардың 38 пайызында ғана интернет бар. 179 кітапхананың ғана сайты бар. Бұл мәселелердің шешілуі кітапхананың мемлекеттік идеологияны жүзеге асыруда маңыздылығын сақтап қалар еді.

Нұрлан ДУЛАТБЕКОВ,
Мәжіліс депутаты
(Депутаттық сауалынан)

Бәрекелді!

Қазақтың киіз үйі бельгиялық оқушылардың білім алатын ордасына айналды.

МЕКТЕБІҢ МЫНАУ – КИІЗ ҮЙ!



Бельгия астанасы Брюссельден 90 шақырым қашықтықта орналасқан Жев қаласында аумағы 50 шаршы метр, диаметрі 8 метр киіз үй бар. Онда бастауыш сыныптың балғындары білім алуда.

Мектеп директоры Кристин Питонстың айтуынша, мектептері тар болып, ойлана келе, киіз үйге көшу туралы шешім қабылдаған. «Себебі жазда өзім аталған үйді көріп, таңырқаған едім. Өте жайлы әрі көп шығынды қажет етпейді. Киіз үйге оқушылар сіңісіп кеткен. Мұндайды алғаш көрген бельгиялық балалар бұл жерде өздерін жайлы сезінетіндерін айтады», — дейді ол.



Мұндағы оқушылар да бұл жердің жылы әрі жарық екенін жеткізді. 24.kz хабарлағандай, Эльза Майот есімді оқушы мұндай үйде қазақтар тұрғанын мұғалімінен естіген. Олар үшін бұл таңсық дүние. Бірақ ұнапты. Киіз үйдің құны — 35 мың еуро. Ішіне пеш орнатылған. Тансық жерде білім алып жүрген оқушылардың сабаққа деген ынтыасы да артқан.

Бір жақсысы, дүмпу тез басылғандай. Дегенмен, люстра сылдырлауына қарағанда, толқыныс күші бірталай сияқты. Кемінде, төрт-бес балл бар-ау...

Көрші бөлмедегі немересі еске түскенде бір жұлқынып, атып тұрмаққа окталды да, тартанды. *(Үлкен ұлдың баласы Қанат қой. Оны кішкентайынан бауырына басқан. Алтыншы сыныпта оқиды).* Өзі екі күннен бері белінен шойырылып, қозғала алмай жатқан-тын және балам аман шығар деген. — «Әжептеуір жігіт болып қалды ғой ол да. Сескене қоймас. Әй, әуелі, сол сөзді ме екен-ей жанағы дірілді?!».

Екі қолын қусырына, үрпіп, көз қиығымен қасындағы әйелі Мәрияға қарайды. Алакөлеңкеде ашық қалған иығы ағарандап, аузы анқиган күйі, ештеңеден қаперсіз жатыр. Дыбыр етер емес. «Аллау, не деген адамдар! Арам өле ме! — деп ежірейіп, тіксінінкірейіп қадалды да, дереу сабасына түсті. — Байғұс қайтсін, шаршап жүр ғой»...

Алматының арагідік тербеліп тұратын «мінезі» ертеден мәлім. Ай, бірақ осыған бой үйрете алмайды екенсін. Қорқасоктайсың кәдімгіше... Бәрібір, осынау шұғылалы шаһардан жеріне алмайтынын да жақсы біледі. «Ғашықпын жауыңның» демекші, қары мен жанбырының өзі көктен төгілетін ғажайып бір нұр емес пе! Тіпті, анда-санда ауыр ойдан тебіренгендей терең тыныстап, қозғалақтап қоятын әлгіндей дағдысында да тылсым сыр бар ма екен...

Көрпеш еппен ғана қимылдап, зайыбының көрпесін қымтап, өзі де ыңғайлана жатып, бақырайып, төбеге тесілді. Одан терезеге жаққа тағы бір қайырылған. Сыртта — қатқак. Аяз. Ұйытқып, жел соққан секілденді. Ұшындап, қар қылаулай бастағандай. Дірдек қағып, ағаш күркені паналаған сабалақ сары дүрегейін де аяп, женіл күрсінді. Санада «Ай, ит тірлік! Шыдамасқа және лаж жоқ» деген тіркес зу етті. Көз алдынан өмір елестері заулап өтті. Алып шындарын шарбы бұлттар бүркеген басы — бөтес, бауыры торқа Алатау бөктерін мекендегелі де елу жылға таяғанын ойлады. Он жеті жасында келіпті. «Арман аркалап» дегендей, баяғыда ана-оу алыстағы Арка даласынан жетіп еді. Оқуға...

Әрине, «оқу-у» деп әуесектейтін де дәнөнесі жоқ; сабакқа аса алғыр едім дей алмайды. Орта мектепті ілініп-салыныңқырап бітірген соң көпшілік дүрмекке ілесіп жеткен бала ғой. Әйтпесе, дәл осы Көрпешті ғылым-білім айналасынан іздеу қисынға келе қоймас. Алайда аса ессіз де жігіт емес-ті; алғашқы сынақтан-ақ мұрттай түскен соң, недәуір толғанып жүріп, өзі секілді жолдастарымен қалада қалып қойды. Дәнекерлеушілер курсың түгескен. О кезде «СМУ-13», «СМУ-15» аталатын құрылыс-монтаж басқармалары көп, соның біріне жұмысқа орналасты. Рас, арасында екі жыл әскер қатарында болып қайтты. Содан — осында...

Мәрия да өз «тағдырласы» еді. Армиядан оралған соң жұмысшы жастар жатақханасында танысты. Сылақшы көрінеді. Қарапайым ғана, орта бойлы, аққұбаша, қолаң шаш қызды бір көргеннен-ақ ұнатты. Дала баласының көк аспанды, күнді, желді сүйгеніндей, осы жанға көңілі қалтқысыз құлапты. Ұзамай-ақ шаңырақ тікті. Өсті-өнді. Екі ұл, бір қыз тәрбиеленген...

Ісіне тыңғылықты азамат ақырындап жоғары санатты дәнекерлеуші-монтажшы деңгейіне көтерілді. Мәрия да өз кәсібінің шебері-тін. Қанаттаса еңбектеніп, кезек жеткенде үш бөлмелі үй алды. Бұйырған жайлары трамвай депосының тура қасында екен.



ҚҰЛТӨЛЕУ
МҰҚАШ,
ЖАЗУШЫ

Үйден шыққан бойда осы көліктің кез келгеніне отыра қалып, қажетті межеге «дү-дү-дүк-к-х, дү-дү-дүк-х-х, дү-дү-дүк-к-к-х» деп сатыр-сұтыр, шақұр-шұқыр еткен дөңгелектер әуенімен тербеліп, жөнеп бара жатады.

Алматының көп құрылысын салған — осылардың қатарластары. Небір зәулім ғимараттарда жолдасы екеуінің де қолтанбасы бар.

Негізі, қосағының шын есімі Гүлмәрия еді. Алматыға алғаш келгенде аттарын «редакциялаған» кейбір құрбыларыңша «Гүлді» алып тастап «Мәриясын» қалдыруды ұйғарған сияқты. Базбір дос-жаран әлі күнге дейін солай атайды. Көрпеш «Гүлекені» қолай көрген. Кейде «Мәкен» дейді. Ал ашуланған сәттерінде: «Әй, Гүлмәрия!» — деп гүр ете түседі. Әйелі күйеуінің көңіл күйін осыдан-ақ байқар-ау.

Табыстары жаман емес-ті. Шама келгенше, күні бүгінге дейін ауылдағы ағайынның да той-томалақ, өлім-жітіміне осылар қарайласады. Бірде жетіп, бірде жетпей, тірнектеп, тырмыса жүріп, балаларын да үйледі. Зейнетке шығар қарсанда орталықтағы шаңырақты сәтті сатып, екінші ұл мен қызға жай өперген. Тұңғыштары үйді үкіметтен алып үлгерген-ді. Ал өздері қала шетінен оймақтай ғана төрт бөлмелі там салып алды. Екеуі де құрылысшы адамдар, баспана сәулеті жаман болған жоқ. Ауласы да кең. Мұқтаждық туындап жатса, тағы бір үй тұрғызуға жер молынан жетеді...

Көрпеш кейде рельс ырғағымен шайқалып келе жатқанында жанадан бой көтерген бес қабат, алты қабат ғимараттарды көріп: «Шіркін, осында ауылдағы туыстардың бәрін көшіріп әкеліп орналастырсаң! — деп қиялдар-ды. Сонынан: — Бірақ сондай жағдай туған күнде олар өзі тату тұра ала

ЕСКІ

“

**БҰЙЫРҒАН
ЖАЙЛАРЫ
ТРАМВАЙ
ДЕПОСЫНЫҢ
ТУРА ҚАСЫНДА
ЕКЕН. ҮЙДЕН
ШЫҚҚАН БОЙДА
ОСЫ КӨЛІКТІҢ
КЕЗ КЕЛГЕНІНЕ
ОТЫРА ҚАЛЫП,
ҚАЖЕТТІ МЕЖЕГЕ
«ДҮ-ДҮ-ДҮК-К-Х,
ДҮ-ДҮ-ДҮК-Х-Х,
ДҮ-ДҮ-ДҮК-К-
К-Х» ДЕП САТЫР-
СҰТЫР, ШАҚҰР-
ШҰҚЫР ЕТКЕН
ДӨҢГЕЛЕКТЕР
ӘУЕНІМЕН
ТЕРБЕЛІП,
ЖӨНЕП БАРА
ЖАТАДЫ.**

ма... Жок па... Әй, қайдам-ау! Екі айдан кейін-ақ әрі отыр, бері отырға салып, ырын-жырынды тағы бастайтыны анық» деп түйеді.

Жаркылдаған жастық шақты бұлар да өткерген. Заманындағы модамен киінді. Мәрия екеуі қол ұстасып жүріп, би кештерінің де көрігін қыздырып бағыпты. Көрпештің сол алаңдарда әлдекімдермен қактығысқан, алысқан-жұлысқан... жұдырықтасқан кездері де жоқ емес. Керітарап жүйе сондай мінезге өзі итермелейтін. Жастық албырттық, елдік ар-намыс қойдан жуас қыла қоймапты. Бүгіндері сол өр мінезден жұрнақ қалды ма, қалмады ма?! Уақыт шіркін небір асауларының өзін ақырындап езіп, жаншып, илеуге салып, жынын алдырған бақсыдай қылады екен-ау. Әй, бірақ, осы Көрпешті момын деуге және келмес...

Мына аузы ашылып, ақырын пысылдаған кемпірі баяғыда салтанатты сарайлар, кино... драма театрларындағы жаңа қойылымдарға құмар-ақ еді-ей! Қалт етсе, күйеуін де сонда тартқылайтын. Жас жұп бір-екі мәрте кәсіподақ комитетінің жолдамасымен кішкене ұлдарын ертіп Қырымға, Чехословакияға деуін саяхаттап барып, тыныққан кездері бар. Келешекте осыны салтқа айналдырып, өрісті кеңейтсек деп армандайтын кездерін ұмытпапты. Бірақ кейін тұрмыс қиындап, қысқа жіп күрмеуге келмей кетті. Қу бейнет адым аштырмайды екен. Сөйтіп жүріп, өне-міне дегенше жастың ұлғайғанын да сезбегендей. Алатаудың ақбас құздарындай мұның да шашы буырыл тартты. Кешегі көз жасындай мөлдіреген жан серігі де біртіндеп қартайды. Уақыт өз үкіміне бағындырмай қоймайтын көрінеді.

Әсілі, көрілік деген де бірден сап ете түспей,

ЖАУҒАР

www.jasqazaq.kz

E-mail: jas_qazaq@mail.ru



бара жатқан жоксын, бәрі балырайып көрініп те тұрады ғой. Хе-е!

Есепшотына ай сайын тура бір жүз он бес мың теңге түседі. Бұған да шүкір. Мәрияға да бұйырғаны — тоқсан мыңдай. Ол бұған қосымша жақын мандағы кеңсенің еденін жуып, отыз бес мың теңгені және тауып жүр. Осыны білген елдегі ағайын бұлар күреп алып жатыр дегендей алақандарына қарап, дөметеді де отырады. Расын айтқанда, шылқып жүрмегені өздеріне ғана аян, қалада бәрі сатулы емес пе. Әлдеқашан жеке үй болып кеткен балалар да қазірге дейін осыларға иек артады. Әсіресе, кіші ұлдың ақша сұрауы жиі. Оның бір жақсы жері, жағдайлы күні бұрын ескертіп, қалта телефонына: «Әке, алдағы айда бір шаруаға төрт жүз мың теңгедей қаражат керек еді, соның бір, жетпіс мыңдайына көмектесе аласың ба? Сосын қайтарамын ғой» деп хат жазалы.

Іштей қынжылатын. Әйткенмен, дәл бүгін әкел деп алқымнан алмайтынына қуанатын еді. Бетінен қакқан емес. Ретін қарастырып, ылғи береді. Ол ақшаның оралмайтынын да жақсы біледі. Балана: «Әй, анадағы қарызды қашан қайтарасың?» — деп жүрмесін белгілі.

Енді бірде трамвайда келе жатқанында ауылдағы шөбере інісі қоныраулатты. Ертеректе алғашқы әйелімен ажырасып, кейін басқа адаммен тұрмыс құрған жігіт-тін. Жасы қырықтарда.



бос зекіп ұрсатынын ойлады. Қит етсе әрбір ісінен кемшілік іздеп, мысалы, моншаға барғанында:

— Әй, мына қатын дені дұрыс жөке де салмапты ғой! — деп кішінетінін ойлады.

Қаншалықты қокиланғанмен, дәрменсіз жас баладай, соның қамқорлығына зәру екенін естен шығаратынын ойлады.

Қаладағы дос-жаранның да түрлі шараларына араласасын.

Бірде мейрамхана алдында әйеліне күнкілдеп ұрысып тұрды:

— Әй, сен де бір! Тағы да екі қыр салып қойыпсың ғой мына шалбарға! Қырық жыл қатын болғанда өмірі бір үйрене алмай қойдың-ау, осы, киім өтектеуі!

Мәрия жүдеп, жауаңдай қарайды: — Шығарда қарай салмадың ба енді жаңа өзін?..

— Қайдан білейін! Е, жарайды, мұны қойшы. Бірдене қылып көлегейлей тұрармын. Онан да тойға қанша береміз, соны айтшы! Отыз мың жете ме?

— Білмедім. Жетіп қалатын шығар сол.

— Тағы бір бес мың теңге қос. Қаршадайлан қатар өскен ит еді. Баласы күнде үйленіп жатқан жоқ...

Сөйткен жалғыз сырласы, жанашыры кеше кешке қарай көзі ілініп кеткен сәтте ақырын түртіп оятты:

— Екі күннен бері нәр сызбалдың ғой. Ең болмаса бір кесе ыстық сорпа ішші қане! — дейді.



— Аға, жағдайлы білесіз ғой. Баяғы онбаған әйел сотқа беріпті. Алимент төлемесем, пөлеге ұшыратпақшы. Бірнеше жылға қамататын түрі бар. Ақшаның ауқымды бөлігін таптым. Енді өзіңіз бүгін-ертен екі жүз елу мың теңгеді қарыз берсеңіз. Сізден өзге арқа сүйейтіндей кімім бар, — дейді.

Көрпештің жон арқасын тер жуып кетті. Мұнша қиналмас. Буынсыз жерден пышақ ұрды деген осы болар. Сол сәт дөңгелектер дүрсілі де «аға-а-а, екі жүз елу-у мың-н теңге-е тап-п қайткенде-е, екі жүз-з елу мың-н-н теңге-е-е тап-п-п» деп шекесін шынылдатқаны есінде.

— Жарайды, енді. Ойласайық. Сәл ертерек айттып қоймаған екенсің, — деді бауырына телефоннан күмілжіп.

Ертеніне Мәриямен ақылдаса келіп, әлгі қаражатты тауып жіберді ғой. Ондай жәрдемнің де қайтпайтыны түсінікті...

Бұлар да елмен қатар небір қиын кезеңдерді кешкен. Күйбең тірлік титықтапты, қажып жүрген кездерінде Көрпеш өзін қаншалықты тозғанымен, сартылдап, қаусағанша тоқтамайтын ескі трамвайға ұқсатушы еді. Сондайда көз алдына сүйретіліп, қыбырлап бара жататын жаралы қоныз немесе мертіккен құмырсқа суреті де елестеп өтеді. Бала кезде ондай көріністер талай кездесті. Бұл да ауыр жұмыстан кейін шаңырағына қас қарая салп-салп етіп, сүріне-қабына жететін-ді.

Қалада келе-келе машина нөпірі көбейді. Қаптаған жеңіл автокөлік трамвай алдына түсіп алып суаман қағатын кез жетті. Десе де, бір сәт, теміржол маршруттарының да дәуірі жүрген. Трамвайлар да аспалы көпірлер үстімен жүйткілді.

Бірақ тіршілік ырғағының осылайша күрт ауысуы, ығы-жығы қозғалыстың ширауы да сан алуан сауалдың шешуін таппай дағдарған жасамыс адамның жүйкесіне салмақ салып, діңкелетіп, тығырыққа тірейтін тәрізді. Сондағы жалғыз сүйеушісі Мәрия ғана. Бірақ, неге екенін, барлық ашу-ызасын тек осыдан алғысы келгендей бұған кейде бостан-



• 13 жастағы баянөлгейлік (Моңғолия) Айшолпан Нұрғайыпқызының өнерін тамашалауға өткен жылы 31 мемлекеттен саяхатшы келген.



Ұлттық өнерді ұлықтаған қыз

• «Бүркітші қыз» туралы фильм түсіріліп, әлемнің беделді кинотеатрларында көрсетілді.

• Ол әлемнің дамуына үлес қосқандарға табысталатын Asia Game Changer Awards 2017 сыйлығының иегері.

• Америкада бүркітші қыз туралы кітап жазылуда. Туындының тұсауы осы жылдың соңында Лос-Анджелесте кесіледі деп жоспарланған.

Өз нанын өзі сататын шағын дүкен де ашқысы келеді. Дәмі тіл үйретін, иісі мұрын жаратын наубайханадан шыққан нанды ып-ыстық күйінде тұтынушының қолына тигізсем, шіркін дейді. Бірақ, сұрағанның сыбағасы сәтіммен орала бере ме?..

Шағын наубайхана қазір аудан орталығын ғана емес, іргедегі ауылдарды да қамтып отыр.

— Жанаттың еңбегіне ел разы, — дейді аудан әкімі Ермек Нұғманов, — жарты ауданды нанмен асырап отыр. Еңбегі өз алдына, өнегесі қандай. Қазақ жігіттері, еліміздің азаматтары осындай қайратты болуы керек. Тіршіліктің ақ бас толқындарымен алысып, өмірдің өкпек желі кеудесіне кері итерсе де, алға басып келеді.

Шынында да, солай емес пе?! Жанаттың наубайханасы қазір Ерейментау ауданының жартысын сапалы нанмен қамтып отыр. Тұрғындар тарапынан тапсырыс түссе, нан өнімдерінің түр-түрін пісіре береді.

Жола бірер бөлке алғанбыз. Ақкөзде ат шалдырдық. Жанаттың нартай қызыл, дәмі тіл үйретін нанынан ауыз тидік. Шынында да, дәмді екен. Бәлкім, өмірге құштар, еңбекке ынтызар көңілдің махаббатына орап пісіргеннен шығар.

Байкал БАЙӘДІЛОВ,
Ақмола облысы

ЕҢБЕГІ
Ақмола облысының Ерейментау ауданында ысқарларда жүр едік. Түс әлпеті. Қала орталығындағы шағын асханаға бас сұққанбыз. Құрқытайдың ұясындай жып-жылы, жинақы, шағын асхана екен. Ас мәзіріне көз жүгіртіп тұр едік, қарсы алдымызға келген жігіт ағасы:

— Балтабаевтың наны түсті ме, қарағым? — деп сұралды.

— Түсті, аға, — деп жауап берді сатушы.

Алғашқыда елең еткен жоқпыз. Бұйырған дәмнен ауыз тиіп, арғы жакка ел қондырып сыртқа шыққанбыз. Дәл іргеді азық-түлік сататын кішкентай дүкен бар екен. Темекі алмақшы болып кірдік. Кезекте тұрмыз, алдымыздағы әлдебір әжей дүкен сатушысынан:

— Айналайын, Балтабаевтың наны түсті ме? — деп сұрасын.

Алғашқы естігенімде елен етпегенімізбен, екінші жолы ойланyp қалдық. Шамасы «Балтабаевтың наны» деген сөз ас



Жеке кәсіпкер
Жанат
БАЛТАБАЕВ

атасының белгілі бір түрінің атауы-ау. Облыс

орталығында да халық күнделікті тұтынатын нанды әркім атайды. Өне бір

наубайхананың атауымен, содан соң күнделікті нан жеткізетін

аудандардың атауымен. Мәселен,

Тайыншаның наны, Айыртаудың наны деп жатады. Ас атасы туралы артық ауыз сөз айтуға болмайды. Обал. Бірақ әр наубайхана өнімінің сапасы әртүрлі екендігі белгілі. Күнделікті тұтынып жүргендіктен, ол жайды халықтың бәрі біледі. Кейбірі борпылдақ, ортасы қуыс, кескеннің өзінде үгіліп, шашылып қалады. Енді бірі пісуі жетпегендей көкейзанып, қарманып қыссаң суы шығардай шіп-шікі болып тұрады.

Жана ғана асханадан дәм татқанда, Балтабаевтың наны қандай болады деп сұрамағанымызға өкіндік. Қайтып барғанша осы елді мекеннің ішінде болса тауып алып танысайқышы деп ұйғардық. Білетіндердің айтуына қарағанда, алыс та емес екен. Екі-үш көшеден кейін оңға бұрылдык. Алдымызда бір қабатты, ұзыншалау келген наубайхана кезікті.

Шағын ғимараттың табалдырығынан аттаған сәтте-ақ төп-төтті нан иісі бүрк ете түсті. Танауынды жаратындай. Қарсы кездескен адамға жөнімізді айттық. Жетелеп алып жүрді. Кішкентай, шағын жұмыс кабинеті.

Наубайхана иесі Жанат Балтабаев жарымжан адам екен. Анығында инсульт алған. Бірнеше жыл бұрын. Кейін сырқаты қайталап соққан. Сонда да мойымаған. Неткен жігер, қайрат, өмірге, еңбекке құштарлық деп ойладым ішімнен.

Тілдікест. Бажайлап сұрауға дәтіміз бармады. Инсульттің салдарынан тіл күрмелген. Қасында күнде жүргендіктен ынылын ымынан түсінетін көмекшісі көмектесіп отырды.

Осы ауданның Тайбай ауылында мал дәрігері болып еңбек еткен екен. Кейін Кеңес одағы ыдырап,

болса да септігін тигізетін игілікті іс. Екінші қырынан алып қарасаңыз, тіпті манызды. Жарты денесінде жан жоқ, мүгедек адамның тепсе темір үзетін азаматтарды сүттей ұйыған ұжымға айналдырып, уақытылы жалақысын төлеп отыруының өзі ерлік емес пе?!

— Күнде жұмыс істеп тұрған соң ара-тұра наубайханаға кейбір қосалқы бөлшектердің қажет болып қалатыны бар. Күтіп тұратын уақыт жоқ. Халық нан жеуі керек қой, сондай кезде Жанат машинаны өзі тізгіндеп Астанаға барып келеді, тәулігіне екі рет барған сәттері де болған. Қажеттілік туындаса, Кереку де асады, — дейді наубайхана есепшісі Алмағұл Аяпбекқызы.

Айналымдағы қаржы азайып, оралымға келмей олқы түскенде ұнды аудандағы дүрмендерден қарызға ала береді екен. Өз ісіне тындырдымды, әр сөзіне жауапты Жанаттың борышкер болып қалмайтынына олар да сенеді. Сенбейтін банк қана. Шаруасын сәл кеңейтіп, сауда үйін салсам ба деген әзірге орындалмай тұрған ізгі арманы бар Жанаттың. Өкінішке қарай, банк ережесінде мүгедектерге, оның ішінде Жанат тәрізді үш мәрте инсульт алған адамға несие беру қауіпті көрінеді.

— Менің жұмысшыларым қажет кезінде несие алып жатады. Соларға жұмыс тауып беріп, отбасыларын асырауға септігімді тигізіп отырған мен ала алмаймын, — дейді кәсіпкер Жанат Балтабаев.

ӨНЕРТАҢҚЫШ

Қалауын тапсаң мотоцикл де машинаға айналады. Жамбыл облысында бір шопан қоралы қойын өзі құраған темір көлікпен бағып жүр. Оған «Қазақваген» деп атап қойыпты. Төлеген Жүсіповтың «Қазақвагені» қазір даланың дара көлігі. Шопанның тақымын толтырған тұлпары – үш дөңгелекті қарапайым мотоцикл болған. Өнертапқыш оны артық шығынсыз, қолында бар темір-терсекпен delevagen-ге қолында жасаған.

«Қазақвагенмен»



қой

Өнертапқыштың туындысы сағатына 70-80 шақырымдық жылдамдықпен айдауға болатын көрінеді. Ол



қайырады

«Қазақвагеннің» артықшылығы — ішінде шопанға қажетті қондырғы, құрал-сайманның бәрі бар. Қажет десеңіз, телефон қуаттайтын тетікті де қосып қойыпты. Қой айдау үшін арнайы дабыл орнатқан. Шопанның айтуынша, қойлары дабылдың дауысына әбден үйреніп алыпты.



ҚЫСЫҚ МӘТІН



«ЖАС ҚАЗАҚТЫҢ» САУАЛЫ
— Әлеуметтік желіде Халық банктің жаңа жылдық құттықтау қағазында жіберілген өрескел қателіктің суреті жарияланды. Мұндай олқылық қалай орын алды?

ЖАУАБЫ

Досбол АРЫСТАНБЕКОВ, Халық банктің PR-маманы:

— Бұл құттықтау қағазы өткен жылдың желтоқсан айында Астана қаласындағы бөлімшеде ғана ілінген. Метіндегі өрескел қателікке бойлағысты дереу алынып тасталды. Бұл тапсырыс алушы мен осы құттықтауды ілушінің қазақ тілін жетік білмегендігінен туындаған жағдай. Себебі қазақша түсінетін адам «н» мен «ң», «ізгі» мен «өзгіні» айыра алмай қалыпты дегенге сенгің келмейді. Жалпы жарнама немесе құттықтау мәтіндері үш тілде құрастырылып, бірнеше мәрте тексеруден өтеді. Құттықтаудағы қатені көрген, естіген жаңадардан кешірім сұрай отырып, банктің ішкі саясаты бойынша осы сынды жағдайдың орын алмауы қарастырылғанын айта көткім келеді.



Бас редактор — директор
Срайыл СМАЙЫЛ

Редакция алқасы:

Елдос ӨМІРЗАҚҰЛЫ
Бас редактордың орынбасары

Жарас КЕМЕЛЖАН жауапты хатшы

Ғалия ҚАЛИЕВА
компьютер орталығының жетекшісі

Тілшілер мен қызметкерлер:

Салтанат ШЫРЫНХАН —

арнаулы тілші

Әбдіманан КЕҢЕС —

жастар және ғылым

Кәмшат ТӨЛЕШОВА —

терімші

Айдоқ ҚҰСАЙЫНҰЛЫ —

web-caim

Аймақтағы меншікті тілшілер:

Байкал БАЙӘДІЛОВ — Ақмола және

Солтүстік Қазақстан облыстары (8 778 910 45 34)

Қажет АНДАС — Алматы облысы (8 747 706 13 82)

Дүйсенбек АЙБЕКОВ — Жамбыл облысы (8 705 227 45 16)

Баян ЖАНҰЗАҚОВА — Атырау облысы (8 702 426 69 05)

Айхан БАШТАШ — Осло, Норвегия maktutba@online.no

Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан облысы (8 705 150 48 30)

Кезекші редактор
Салтанат ШЫРЫНХАН

Шығарушы:

«Аманат Медиа» ЖШС

Директордың

орынбасары

Мейрамбек

ҚҰЛМҰХАМЕДОВ

Бас есепші

Расима

ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:

050004, Алматы қаласы, Абылай хан, 51/53, 6-қабат (М.Мақатаев көшесінің қиылысы)

Телефондар: 8(727) 279-04-99; 279-09-19

Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 279-09-23 (жарнама бөлімі)

Газет 2004 жылғы 14 желтоқсанда ҚР Мәдениет,

ақпарат және спорт министрлігінде тіркеліп,

буқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы

№5710-Г куәлігі берілген.

Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын

білдірмейді. Жарнама мәтініне тапсырыс беруші

жауапты.

Газет «Дәуір» ЖШС РПІК

(Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй)

тел: (727) 273-12-04, 273-12-54

Тапсырыс — №2147;

Бағасы келісім бойынша

Айлық таралымы — 52 000 дана

www.jasqazaq.kz

E-mail: jas_qazaq@mail.ru

Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады,

сондай-ақ «AirAstana», «Turkish Airlines», «QazaqAir» әуекомпанияның ұшақтарында бар.